



ИСЛАМ ТАРИХЫ, ӨНЕРІ  
МЕН МӘДЕНИЕТІН ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ



«ӘЗІРЕТ-СҰЛТАН» ҰЛГЫҚ  
ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ

## ҚАЗАҚСТАН МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ИСЛАМ ЖӘНЕ ЙАСАУИЙАНЫҢ МӘДЕНИ ТАРИХЫ



*Девин ДиУис*

Ахмад Йасауи Бурхан ад-дин Қылычтың еңбегінде:  
танымал дегенмен белгісіз болып келген бір орталықазиялық сопы  
әулиеге жасалған ең ерте сілтеме

*Aḥmad Yasavī in the Work of Burhān al-Dīn Qīlich: The Earliest Reference to a  
Famously Obscure Central Asian Sufi Saint\**

### Түйін<sup>1</sup>

Ферғана жазығында XIII ғасырда өмір кешірген Орталық Азия шайхы Бурхан ад-дин Қылыч жұырда жарияланған парсы тіліндегі сопылық еңбегінде Ахмад Йасауиге ең ерте сілтемені жасайды. Ахмад Йасауи Орталық Азия түркілерімен тығыз байланыста болған көрнекті сопы болып табылады, бірақ оның өмірі мен сопылық қызметі туралы мәліметтер XVI ғасырға дейін кеңінен таралмаған. Қысқаша баяндама Ахмад Йасауидің кейінгі дәстүрде көптеген түрлі рөлдерге ие болғанына қарамастан, ол бастапқыда негізінен сопылық шайхы ретінде танылғанын қолдайды. Бұл мақала Ахмад Йасауиге жасалған ең алғашқы сілтемені және оның маңыздылығын талқылайды, сонымен қатар, баяндаманың авторы Бурхан ад-дин Қылыч және оның Орталық Азиядағы көптеген мұралары туралы шолуды ұсынады.

### 1. Кіріспе

Түркі халықтарының діни тарихындағы маңызды тұлға ретінде Қожа Ахмад Йасауидің және Орталық Азиядағы ірі сопылық дәстүрдің негізін қалаушы ретінде орасан зор беделіне қарамастан, оның өмір сүрген уақытынан кейінгі алғашқы үш ғасыр ішінде оған қатысты деректер өте аз.<sup>2</sup> Бұл сопы әулие үшін тарихи деректердің аз болуы таңқаларлық емес сияқты көрінуі мүмкін. Шындығында Нақшбандийа дәстүрінің негізін қалаушы алғашқы тұлғалар туралы да XV ғасырға дейін ешқандай дерек көздерінде дерлік айтылмаған. Дегенмен, егер біз Кубрауиға сопылық дәстүрінің XII және XIII ғасырлардағы өкілдерін атап айтқанда оның негізін қалаушы Наджм ад-дин Кубраны қарастыратын болсақ, олардың өздерінің мол жазбалары және өмір сүрген кезеңіндегі басқа да дереккөздерде оларға

---

\* Алғашқы жарияланған жері: DeWeese, Devin. “Aḥmad Yasavī in the Work of Burhān al-Dīn Qīlich: The Earliest Reference to a Famously Obscure Central Asian Sufi Saint,” in: *Asiatische Studien/Études asiatiques* (Bern), 67/3 (2013), 66. 837–879.

1 Бұл мақала 2012 жылы қазанда Түркістанда өткен конференцияда ұсынылған баяндама (The Earliest Reference to Aḥmad Yasavī) негізінде кеңейтіліп, қайта өңделген нұсқа болып табылады; бастапқы нұсқасы конференцияға дайындалған жоба мақалалар жинағына «DeWeese, 2012a, pp. 6-14» ретінде енгізілген.

2 Мәселе бұл жерде толықтай қарастырылмайды, бірақ XX ғасырдағы көптеген зерттеулерде Ахмад Йасауидің өліміне қатысты берілген жыл (562/1166–1167) тек XVI ғасырдың аяғында алғаш рет аталып жазылады және тарихи негізі жоқ сияқты; ертеректегі дереккөздерде басқа даталар беріледі және дәлелдердің көпшілігі оның өлімінің ықтимал уақыты ретінде XII ғасырдың соңы немесе XIII ғасырдың басын көрсетеді.

жасалған сілтемелер түрінде айтарлықтай мұра қалдырғанын байқаймыз. Осылайша, Йасауийа және Ходжаганийа/Нақшбандийа дәстүрлерінің жағдайы шынымен ерекше екені анық болады және осы дәстүрлерге қатысты тұлғаларға жасалған ең алғашқы сілтемелерді іздеу және оларға назар аудару маңызды және құнды міндет болып табылады.

Йасауийа дәстүріне қатысты айтқанда, тек XVI ғасырдың екінші жартысында ғана Йасауийа шайхтары алғашқы Йасауийа әулиелері, соның ішінде Ахмад Йасауидің өзі туралы маңызды агиографиялық әңгімелерді жазғанын байқаймыз. Бұған дейін Ахмад Йасауиге қатысты «өмірбаяндық» хикая айтуға және оған бағытталған маңызды баяндау материалдарын жазуға тырысқан ең ерте жазбаша дереккөздер тек XV ғасырдың соңына жатады және олар Йасауийа сопылық дәстүрімен байланысты емес. Бұл дереккөздер – Мир ‘Али Шир Науа’идың «Наса’им ал-махабба» атты шағатай түркі тіліндегі еңбегі, мұнда Йасауи туралы хикая Джамидің парсы тіліндегі «Нафахат ал-унс» өмірбаяндық құрылымына қосылған «түркі шайхтары» туралы жазылған және Ахмад Йасауи туралы хикая Нақшбандийа тарихына айтарлықтай «кіріспе» ретінде атап өткен парсы тіліндегі «Рашахат-и ‘айн ал-хайат» агиографиясы болып табылады.<sup>3</sup> Және парсы тіліндегі «Рашахат-и ‘айн ал-хайат» атты агиография, Нақшбандийа дәстүрінің алғашқы тарихын құрастыруға арналған, Ахмад Йасауи туралы хикая Нақшбандийа тарихына айтарлықтай «кіріспеде» кездеседі, бұл Йасауидің керемет көрсетуші ретінде танымалдылығын және оның кесенесінің маңыздылығын, сондай-ақ, оның сопы шайх ретінде мәртебесін көрсетеді және («Рашахат» жағдайында) оның сопылық силсиласындағы орнын көрсетеді.<sup>4</sup> Шынында да, Йасауидің кесенесі бұл жазбаша дереккөздерде Йасауиге қатысты хикаялардың пайда болуынан бір ғасыр бұрын оның аймақтық беделін көрсетеді. Тимурдың бұйрығымен салынған кесененің XV ғасырдағы классикалық хикаясы Йасауиді сопылық байланысынан гөрі Мухаммад б. ал-Ханафийа арқылы биологиялық ұрпақ ретінде көрсетеді. Бұл Йасауидің бастапқы танымалдылығы сопылық шайх ретінде беделінен гөрі қасиетті тектен шыққандығына негізделген деген пікірді қолдайды. Сондықтан, Йасауийа хикаяларындағы бұл аспект оның аймақтық және рухани маңыздылығын көрсетеді.<sup>5</sup>

Ахмад Йасауиге қатысты жазбаша сілтемелердің кеш әрі әртүрлі сипаты оның есімі XV ғасырға дейін айтылған дереккөздердің маңыздылығын арттырады. Жақында ғана Ахмад Йасауиге қатысты ең ерте және нақты даталанатын сілтеме парсы тіліндегі «Чихил маджлис» жинағындағы үзіндіден табылды.<sup>6</sup> Бұл жинақ әйгілі сопы шайх ‘Ала’ ад-Даула Симнани (736/1336 ж. қ. б.) айтқан сөздер мен дискурстардың жинағы болып табылады және шамамен 1325 жылы құрастырылған. Симнани әдетте «Кубрауийа» деп аталатын бастауыш силсилаға жататын,

3 Brockelmann, 1952: 222; Nava’i, 1996: 383; Алишер Навоий, 2011: 326–327.

4 Safi, 1977: 17–19.

5 Yazdi, 2008: I, 861; қар. Yazdi, 1972: п. 294b және осы үзіндінің аудармасы Thackston, 1989: 87.

6 Әйгілі парсы ақыны Фарид ад-дин ‘Аттардың «Мантиқ ат-тайр» атты еңбегінде Ахмад Йасауиге «Пир-и Туркистан» деген атаумен мүмкін боларлық сілтеме бар; бұл еңбектің көне даталануы (573/1178 ж., кейбір қолжазбаларда табылған мәліметке негізделген) Ахмад Йасауидің кейінгі даталануын (яғни, оның өлімін XII ғасырдың соңы немесе XIII ғасырдың басына орналастыру) күрделендірер еді, бірақ қазір бұл ерте датаның дұрыс емес екені жаппы мойындалған. Қар.: De Blois, 2004: 239–240; және ‘Аттардың шығармашылығын қайта бағалаудың ең соңғысы, «Мантиқ ат-тайр» шығармасын VII/XIII ғасырдың алғашқы онжылдығына орналастырып, ‘Аттардың өлімін 627/1230 жыл деп қайта даталаған (Шафи’и и Кадкани, 1999: 48–49, 81–83).

сондықтан бұл хикая Ахмад Йасауидің өмір сүру уақытын анықтауда ерекше маңызға ие. Оны Наджм ад-дин Кубра (618/1221 ж. қ. б.) мен оның шәкірті Рази ад-дин 'Али Лала (642/1244 ж. қ. б.) замандасы ретінде бейнелейді. Бұл хикая Ахмад Йасауиді Түркістанда сопы шайх және ханақа ұстаушы ретінде айқын сипаттауы тұрғысынан да маңызды.<sup>7</sup> Ұқсас ескі еңбектер дәл осындай бейнені ұсынады: XIV ғасырдың ортасынан бастап Ходжаганийаға тиісті «Маслак ал-'арифин» шығармасы<sup>8</sup> және Исхақ Ходжа б. Исма'ил Ата трактаты Ахмад Йасауиді Түркістандағы «жұмыс істейтін» сопы ұстаз ретінде сипаттайды.<sup>9</sup>

Алайда, жақында жарияланған бұрын белгісіз болған парсы дереккөзі Ахмад Йасауиге жасалған алғашқы тарихи сілтемені XIII ғасырға, дәлірек айтқанда сол ғасырдың бірінші жартысына дейін шегеруімізге мүмкіндік береді, бұл оның өмір сүрген уақытына жақын кез келген басқа хикаяларға қарағанда әлдеқайда жақын. Аталған дереккөз «Марта' ас-салихин ва зад ас-саликин» деп аталады және екі қолжазбада сақталған; олардың ескі қолжазбасы оның авторы ретінде Абу Мансур 'Усман б. Мухаммад б. Мухаммад ал-Узджанди ал-'Аджамиді көрсетеді, ал кейінгі қолжазба бұл тұлғаның шынында да Шығыс Ферғана жазығындағы Узганд қаласының әйгілі «қамқор әулиесі» Бурхан ад-дин Қылыч екендігін анық көрсетеді (бұл сәйкестендіру ескі нұсқадағы мәтіннің өзінде кездесетін «Бурхан-и Қылыч» деген сілтемелермен расталады). Бұл зерттеу Бурхан ад-дин Қылычтың еңбегінде Ахмад Йасауиге жасалған қысқаша, бірақ маңызды сілтемені талқылауға арналған. Дегенмен, Бурхан ад-дин Қылычты Ахмад Йасауи туралы осы уақытқа дейін бағаланбаған «билік» ретінде орналастыру үшін, бұл автор және оның мұрасы туралы білуге болатын нәрселерді талқылау қажет және шын мәнінде, бұл екі тұлға мен олардың бейнелері арасындағы кейбір ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтайды, олар Орталық Азияның діни тарихына қатысты маңызды мәліметтер береді.

## 2. Бурхан ад-дин Қылыч және оның мұралары

Ахмад Йасауидің өмірінен кейінгі бірнеше ғасыр бойы ол туралы мәліметтердің аздығына қарамастан бүгінгі күні оның танымалдығы айқын көрінеді. Ал Бурхан ад-дин Қылыч ерте кезеңдердегі түрлі дереккөздерде жақсы бейнеленген және оның мұрасы туған аймағынан ғана емес, бүкіл Орталық Азияда жақсы танымал болды. Қазіргі уақытта ол, ең алдымен, Өзгендегі (классикалық Узганд немесе Узджанд, қазіргі Қырғызстанның Ферғана жазығының шығыс бөлігінде орналасқан Өзгөн,

7 Sistani, 1987: 230; Simnani, 1988: 218–219. Орталық Азиядағы істер туралы жақсы хабардар болған, екі аралық арқылы Рази ад-дин 'Али Лалаға дейін сопылық бастау силасиласын қадағалаған және «Түркістаннан» келген шайхты өзінің алғашқы рухани ықпадарының бірі деп санаған, әрі кейінірек Түркістаннан келген көрнекті шәкірті болған Симнани туралы толығырақ қар.: Elias, 1995: әсіресе бб. 15–31.

8 Бұл еңбек туралы талқылауларымды қар.: DeWeese, 1996a және DeWeese, 2011a; сондай-ақ, Paul, 1998a қар.

9 Бұл түркі еңбегі туралы алдын ала талқылауды қар.: DeWeese, 2009 және менің Исма'ил Ата'и дәстүрі туралы талқылауымды қар.: DeWeese, 1996b. Исхақ Ходжа еңбегі туралы талқылау, көшірек жазылған қолжазбаға негізделген, Tosun, 2011: 38–47-де талқыланды; онда көрсетілгендей, сол кеш жазылған қолжазбаға негізделген мәтіннің басылымын 2010 жылы Eshabil Bozkurt Ыстамбұлдағы Фатих университетіне магистрлік диссертация ретінде дайындаған. Исхақ Ходжа еңбегі және оны қамтитын барлық белгілі қолжазбалар туралы талқылау осы еңбекке қосылған қысқа мәтіннің жариялануына байланысты DeWeese/Muminov et al., 2013: 55–82-де берілген.

қазіргі Ош қаласының жанында) кесенесімен белгілі.<sup>10</sup> Бірақ Бурхан ад-дин Қылыч жергілікті фольклорда да маңызды баяндау дәстүрін шабыттандырды; XIX және XX ғасырларда жазылған ауызша дәстүр оны туған қаласы Узғандты қаланың балаларының өмірін жалмап жатқан айдаһарды өтіріп құтқарған батыр ретінде бейнелейді,<sup>11</sup> бұл оның негізгі беделі осы қаланың аңызға айналған «қамқор әулиесі» болғанын көрсетеді. Ертеректе, XVI ғасырдан XIX ғасырға дейін ол Шығыс Түркістандағы Ақтағлық және Қаратағлық деп аталатын Нақшбандийа ходжаларының кеңінен таралған әулиелік тегі ретінде танымал болды (төменде көрсетілгендей). Кесене туралы аңыздар, белгілі қалалар немесе қауымдастықтармен байланысты ерлік пен ғажайып туралы әңгімелер және генеалогиялық дәстүрлердің үйлесімі Ахмад Йасауи сияқты көптеген Орталық Азия әулиелеріне тән. Бірақ Бурхан ад-дин Қылыч жағдайында біз оның әулиелік бейнесінің бірнеше компоненттерінің әлдеқайда ертерек расталғанын көреміз.

Бурхан ад-дин Қылыч туралы ең маңызды талқылау осы күнге дейін ресейлік этнограф Сергей Абашиннің жақында шыққан мақаласында берілген, ол оның бейнесін қалыптастыруға ерекше назар аударып, тарихи, генеалогиялық және фольклорлық материалдардың кең ауқымын жинап, талдаған.<sup>12</sup> Абашиннің зерттеуі маңызды дәлелдер келтіріп, Бурхан ад-дин Қылыч туралы алдыңғы талқылауларға бірқатар құнды түзетулер мен түсінікті дәлелдер ұсынды. Дегенмен, ол кейбір дереккөздерді жіберіп алды. Себебі жаңадан жарияланған Бурхан ад-диннің сопылық еңбегін әлі білмегендіктен болды. Осы әулие туралы қолымыздағы дәлелдерді қайта қарастыру пайдалы болуы мүмкін.<sup>13</sup>

10 Бурхан ад-дин Қылычтың Узғандтағы кесенесі туралы толығырақ ақпарат үшін қар.: Goriatcheva, 2001: 105–106; кесене туралы ертеректегі сілтемелер төменде көрсетілген.

11 Караффа-Корбут, 1897 еңбегінде баяндалған информация Бурхан ад-дин Қылычтың кесенесіне байланысты Castagné, 1951: 80-ден аударылған; сондай-ақ, қар.: Бетгер, 1924: 141, сондай-ақ, «Киргизские народные сказки», 1981: 334–336 және Баялиева, 1985: 195. XX ғасырдың басындағы басқа жазбалар талқыланған жер: Абашин, 2003.

12 Абашин, 2003; сондай-ақ, Абашин, 2001 қар.

13 Абашиннің ұзақ мақаласы негізінен Бурхан ад-дин Қылычтың бейнесін байсалды Ханафийа құқытанушысынан сопы шайх және керемет көрсетуші әулие ретінде өзгерту жолын ұсынуға бағытталған; Бурхан ад-диннің сопылық еңбегінің ашылуы бұл жолды қажетсіз етеді және оның ең ерте беделі – кездейсоқ Ахмад Йасауидің беделі сияқты – аймақтық маңызды сопы шайх болған деп санау қисындырақ болар еді. Бұл еңбектің дәлелдерінсіз-ақ, Бурхан ад-диннің байсалды құқытанушы және сопы ұстаз бола алмайтынын ойлауға ешқандай мәжбүрлеуге себептер жоқ деп қарсылық білдіре аламыз (оның Ханафийамен байланысы таза болам болып қалады). Абашин төменде көрсетілген көптеген жазбаша дереккөздер мен эпиграфикалық жазбаларды талқылады және Бурхан ад-дин Қылыч үшін кейбір еңбектерде ұсынылған XI ғасыр датасына қарсы дәлел келтірді (Бартольдқа қайта орасақ; қар.: Абашин, 2003: 216); сонымен қатар, оның Орталық Азиядағы сопылық тарихының кейбір аспектілері туралы талқылауы біршама шатасқан (мысалы, 'Ишқийа тарихын талқылауы, Абашин, 2003: 230 және «Увайсийа» ұғымын кеңінен қарастыруы), ал кейбір жазбаша дереккөздерді талдауы толық емес (мысалы, Махдум-и А'зам силсиласындағы дереккөздерді талқылауы, Абашин, 2003: 231–234) немесе жеткіліксіз сындарлы. Бұл тұрғыда Абашин кеңінен пайдаланатын екі еңбектің табиғаты өте проблемалық. Біріншіден, ол белгілі бір «Ахмад Узғандиді» (онда Бурхан ад-дин Қылыч пайда болады) «Тазкира-йи бұғра-хани» немесе «Тазкира-йи увайсийа» деп аталатын парсы агиографиясының авторы ретінде түсіндіруді ешқандай түсініктемесіз қабылдайды, бұл еңбек Baldick, 1993 еңбегінде атап өткен сипаттамаға негізделген (оған сілтейді); Baldick кітабы туралы шолу мақаламда (DeWeese, 1996с: 94–96) атап өткенімдей, бұл еңбектің авторлығы мәселесі Baldick талқылауынан әлдеқайда күрделі: «Ахмад ал-Узғани ан-Намангани» кейбір қолжазбаларда

Бурхан ад-дин Қылыч Ахмад Йасауидің замандасы болғаны ықтимал, бірақ біраз жасы кіші болуы мүмкін. Дегенмен, бұл екі тұлғаның кездескені туралы ешқандай дәлел жоқ. Алайда, Ахмад Йасауидің мерзімі болжам болып қала беретін және жанама дәлелдер негізінде дәлелденуі керек болса, Бурхан ад-дин Қылычты хронологиялық тұрғыдан XIII ғасырдың басында жазылған және әулиені тікелей білетін кем дегенде екі адаммен кездескен адамның хикаялары негізіне орналастыруға болады. Оның өз сопылық еңбегі, төменде талқыланатын, Бурхан ад-дин Қылычты атап өткен негізгі ерте дереккөз XIV ғасырдың басындағы Джамал Қаршидің тарихи еңбегі болып табылады, онда автор Ферғана жазығындағы көрнекті адамдардың қатарында кездескен бірнеше тұлғаны атап өтеді.<sup>14</sup> Олардың ішіндегі бірінші – имам және садр Нусрат ад-дин, ол шайх Бурхан ад-дин Қылыч ал-Узджандидің ұлы ретінде анықталады. Оның тізіміндегі төртінші адам – Шайх Джамал ад-дин ал-Харави ал-Иламиши, онымен 668/1269-1270 жылы Иламиште (Ферғана жазығында) кездескенін растайды; бұл Джамал ад-дин өзімен жас кезінде «шариғат және тариқат шайхы» Бурхан ад-дин Қылычпен кездесуін айтып берді. Хикаяға сәйкес, Иламиши өзінің жастық шағында Хорасаннан Мауараннахрға көрнекті сопылық шайхтардың қоғамын іздеп, бір топ серіктерімен бірге саяхаттаған және Бурхан ад-диннің беделі туралы естіген. Онымен кездесуді үміттеніп, олар Худжандқа және одан әрі Узгандқа жол тартқан, бірақ шайх оларды мешітте сабақтарын аяқтағанша күттірген. Осылайша уақиғалар ұзақ жалғасады. Иламиши шайхтың кешігуіне алғашқы ашуын мойындайды, ол ең болмағанда шығып, олармен кездесе алмайтынын айтуға үміттенген. Иламиши Джамал Қаршиге өз ойларын шайхқа наразылық білдіруге дайындап, «шабуылға дайындалып жатқан әскерлерін» және «оң және сол қанаттарын» ұйымдастыратыны туралы әскери метафораларда түсіндірді. Бірақ Бурхан ад-дин ақырында пайда болған кезде, Иламиши шайхтың бірден «көзқарасымен мені атқанын», оның «әскерлерін» шашыратып жібергенін мойындайды. Осылайша оның ес-ойлары жоғалып, ол, тіпті, шайхқа сәлем беруді ұмытып қалған, сол кезде

---

бұл еңбектің авторы ретінде аталғанымен, барлық қолжазбаларда емес және кез келген жағдайда бізде бұл тұлғаны XVI немесе XVII ғасырдағы нақты жергілікті «Узганди» дәстүрін ұсынушы ретінде айтуға сенімді деректер өте аз. Екіншіден, Абашин «Сайф ад-дин Ахсиканди» деп аталған парсы тіліндегі «Маджму' ат-таварих» еңбегін XVI ғасырдағы Ферғанаға жататын шынайы дереккөз ретінде қабылдайды; бұл еңбектің XVI ғасырдағы датасы басқалар тарапынан қабылданған және жақында қырғыз ғалымдары «Манас» эпикалық дәстүрін бейнелейтін XVI ғасырлық жазба ретінде қабылдады, бірақ шын мәнінде бұл еңбек XVIII ғасырдың соңында немесе тіпті XIX ғасырда құрастырылған материалдарға толы және оның бір бөлігі шынымен де XVI ғасырлық дереккөзге негізделуі мүмкін болса да, бізде бар еңбек соншалықты ескі бола алмайды (қысқаша талқылау үшін қар.: Prior, 2013: 28–29, ескертпе 79).

- 14 Джамал Қаршидің «Мулхақат» еңбегіндегі хикаяның мәтінін қар., алғаш рет Бартольд, 1898: 149–150 жариялаған; Бартольдтың мәтініне негізделген орысша аударма Шарафутдинова, 1988: 123–124; және Вохидов/Аминов, 2005: 150–152 (орысша аударма), бб. ССІ–ССІV (редакцияланған мәтін), пп. 32a–b (факсимиле) бойынша жаңа мәтін басылымы және аудармасы жасалынған. Соңғы басылым, жақында табылған еңбектің үшінші белгілі көшірмесіне негізделген, Джамал Қаршидің ақпарат берушісінің нисбасын «Ламиши» түрінде береді. Джамал Қаршидің еңбегіндегі Бурхан ад-дин Қылыч туралы хикая жиі атап өтіледі, бірақ кейбір дәлсіздіктер талқылауға еніп кетті, кейбір ғалымдар Джамал Қаршидің Бурхан ад-дин Қылычпен өзі кездескенін болжайды; Бартольдтің өзі Бурхан ад-дин Қылычқа жатқызылған сөздер іс жүзінде Джамал Қаршидің айтуынша Ламишиге тиесілі болғанын көрсетеді (қар.: Бартольд, 1926: 151).

Бурхан ад-дин, оны сәлемдеспегені үшін, оның жоспарлаған ауызша шабуылын іске асырмағаны үшін сөккен: «Сенің әскерің қайда, сенің оң және сол қанаттарың қайда?» Шайхтың қатал және таласшыл табиғатының басқа да мысалдары болды, ақырында Иламиши оның аяғына жығылып, тәубеге келген және оның «жүрегімен және жанымен» шәкірті (ирадат) болған және шайхқа қызмет етуінің нәтижесінде мол рухани сыйлықтарға ие болған.

Ұзақ түрде баяндау бірнеше тұрғыдан қызықты. Ол Бурхан ад-дин Қылычтың аймақтағы үлкен беделін көрсетеді, сонымен қатар, бұл беделдің көрнекті элементі ретінде шайхтың жанжалдасушы және дауласқыш табиғатын ұсынады. Шын мәнінде, Бурхан ад-дин Қылычтың қызғаныш және қаталдық беделі оның басқа тұлғалармен қарым-қатынасының нақты мысалдарында және оның ерекше атауы – Қылыч үшін берілген түсіндірмелерде (төменде қар.) көрініс табады. Агиографиялық баяндауларда әулиелер арасындағы қызғаныш, дау-дамай және ашық күрес жиі қолданылатындықтан, сондай-ақ, шәкірттің өз ұстазымен алғаш рет кездескенде алғашқы күмәнін және кейінгі дәрменсіздігін мойындайтын формулаға (бірақ табиғи) негізделген баяндау үлгісін ескере отырып, бұл хикаяда оның «көзбен көрген куәгер» сипатына қарамастан, нақты мәні аз типтік агиографиялық бейімделген оқиға ретінде жоққа шығара аламыз. Дегенмен, бұл жанжалдасушы бейне Бурхан ад-дин Қылычқа жиі сәйкес келетіндігі оның маңыздылығын жоққа шығаруға сақтықпен қарауға мәжбүр етеді, сондай-ақ, кейінгі дамулардың жалпы бағыты, әсіресе төменде көрсетілгендей әулиені өзімен дауласудың салдарынан тікелей ақтайды. Сонымен қатар, кез келген жағдайда, баяндау контексті әулиенің есін қалай қалыптастырылғанын түсіну үшін жалғыз дерек көзі болып табылады (Бурхан ад-дин үшін ғана емес, басқа әулиелер үшін де), сондықтан, әдетте, оның «факті» өмірінің химерасын іздеуден гөрі, оның агиографиялық профилінің ерекшеліктерін белгілеу және олардың ізіне түсу тиімдірек. Біз Джамал Қаршидің Бурхан ад-дин Қылыч туралы берген ерте және жартылай тәуелсіз сипаттамасы мен оның агиографиялық бейнесі арасында осындай айқын ұқсастықты сирек кездестіреміз. Сонымен қатар, Джамал Қаршидің есебі хронологиялық тұрғыдан маңызды. Ол 668/1269–1270 жылы Бурхан ад-дин Қылычтың ұлы және шәкіртімен кездесті және бұл ұрпақаралық айырмашылық Бурхан ад-диннің XIII ғасырдың бірінші жартысында Ферғана жазығында белсенді болғанын көрсетеді. Дәл осы дәуір Узғандта табылған құлпытастағы эпитафияда да көрсетіледі, онда марқұм «ең көрнекті және асыл шайх, жердегі Алланың көлеңкесі, кереметтер мен әулиеліктің иесі, шарифат пен діни қауымдастықтың әміршісі, біздің ұстазымыз және мырзамыз Бурхан ал-Хаққ ва-д-дин ал-Қылыч ал-Узджанди» деп аталған Бурхан ад-диннің ұрпағы ретінде анықталады; бұл Бурхан ад-дин Қылычтың ұрпағы 695 жылдың 17 зул-хиджжасында / 1296 жылдың 16 қазанында қайтыс болды, сондықтан ол әулиенің немересі немесе шөбересі. Мүмкін де Джамал Қаршидің кездескен Нусрат ад-диннің ұлы немесе немересі болған шығар.<sup>15</sup> Узғандтағы тағы бір эпитафия, 775

15 Бұл эпитафия мәтіні үшін қар.: Горячева/Настич, 1983: 174–175; сол құлпытастағы тағы бір кейінгі жазба бұл тұлғаны «Бурхан Мухаммад» деп атайды (бб. 75–77). Сондай-ақ, қар.: Джумагулов, 1982: 124–130 және Настич, 1984: 167–168, 171–172. Эпитафияда марқұм «Бурхан ад-дин Қылычтың немересі» деп нақты көрсетілгені жиі айтылғанымен, мәтіннен тек оның әулиенің ұрпағы (және ұлы емес) екені анық; Абашиннің талқылауы (Абашин, 2003: 231) біршама шатасқан және екі жазба екі түрлі адамға, әулиенің ұлы мен немересіне қатысты деп болжайды. Горячева мен Настич бастапқыда Бурхан ад-дин Қылычтың атақты Ханафия мазхабы құқықтанушыларының отбасы – Марвтан шыққан, XII ғасырдың көп бөлігінде

жылдың 29 джумада II / 1373 жылдың 16 желтоқсанында қайтыс болған әйелдің қабіртасынан алынған, оны «шайх ал-маша'их» Бурхан ад-дин ал-Қылыч ал-Узджандидің ұрпағы ретінде анықтайды,<sup>16</sup> бұл оның әулие атасы ретінде беделінің айтарлықтай үздіксіздігін және ұрпақтарының өздерін оның мұрасы арқылы таныстырғанын көрсетеді және біз бұл мәселеге жақында ораламыз.

Дәл солай, Бурхан ад-дин Қылычты XIII ғасырдың бірінші жартысына жатқызуға нұсқайтын агиографиялық дәстүрлер оны Самарқандтың көрнекті әулиесі Нур ад-дин Басирмен байланыстырады, ол «14-ші рухани құтып» (Қутб-и чахар-дахум) деп аталады. Бұл әулиенің кесенесі XIX ғасырдың аяғында орыстар қиратқанға дейін Самарқандтағы көрнекті орын болған және әйгілі Гур-Амир,<sup>17</sup> Тимурдің жерлеу орны орналасқан жерді анықтауда маңызды бағдар қызметін атқарған.<sup>18</sup> Бұл мәлімет Нур ад-дин Басир және оның кесенесі XIV ғасырдың соңына қарай танымал болғанын көрсетеді.<sup>19</sup> Кесененің көрнектілігі Нур ад-дин Басир туралы бірқатар агиографиялық әңгімелердің парсы тіліндегі «Қандийа», Самарқанд үшін «жиналған» қасиетті тарих және кесене нұсқаулығына енгізілгені де көрсетеді. Бұл әңгімелер мазмұны жағынан Нур ад-дин Басирдің «Манақиб» немесе «Мақамат» деп аталатын дербес еңбектерінің көшірмелерінің мазмұнымен айтарлықтай сәйкес келеді.<sup>20</sup> «Қандийада» және тәуелсіз «Манақибта» кездесетін әңгімелер арасында тағы да Бурхан ад-диннің жанжалшыл сипатын көрсететін жазба бар. Хикая Нур ад-дин Басирдің ұлы Шайх Шамс ад-дин Мухаммадты

---

Бұхарада садр қызметін атқарған 'Али Бурханның «тармағына» тиесілі немесе сол тармақты Ферғана жазығында құрды деп ұсынған (Горячева/Настич, 1983: 181); Настичтің жеке мақаласында және Горячеваның еңбегінде бұл болжам дәлелденген факт ретінде қабылданады (Настич, 1984: 171–172; Goriatcheva, 2001: 110). Абашин бұл болжамның негізсіз екенін дұрыс атап өтті (Абашин, 2003: 218–219).

16 Горячева/Настич, 1983: 177–179.

17 Бүгінде Нур ад-дин Басирдің кесенесінен ешқандай із қалмаған; 1897 жылы, орыстар қиратқанға дейін түсірілген оның фотосуреті Naumkin, 1992: 80, иллюстрация 56 (және 76–77-беттердегі қысқаша сипаттаманы қар.) басылып шыққан.

18 Таққылауды қар.: Бартольд, 1915, қайта басылған Бартольд, 1963–1977: II/2, 423–454; ағылшын тіліне аудармасы үшін қар.: Rogers, 1974.

19 Парсы тіліндегі «Қандийа» туралы таққылауды қар.: Paul, 1993. Парсы «Қандийа» ең алғаш рет орыс тіліне аударылған және еңбектің бірінші бөлігінің түсініктемесімен В. Л. Вяткин жариялаған (Вяткин, 1906); Вяткин өз аудармасы үшін XVII ғасырдың қолжазбасын пайдаланғанын жазған, бірақ бұл басылым өте сирек кездеседі, сондықтан «Қандийа» еңбегі, бәлкім, алғаш рет 1334/1955 жылы Тегеранда басылып шыққан Ирадж Афшар дайындаған басылым арқылы жақсы танымал. Афшардың мәтіні жақында Самарқандтың кесенелері туралы XIX ғасырдағы еңбектің (азырақ күрделі мәтіндік тарихымен) бірге қайта басылып шықты, бұл – Абу Тахир Ходжа «Самарийасы» (Афшар, 1988). Афшар парсы «Қандийа» қолжазбаларының тізімін ұсынды, бірақ ол жариялаған мәтін тек Мулла 'Абд ал-Хаким дайындаған және 1327/1909 жылы Самарқандта басылып шыққан литографиялық нұсқаға негізделген (Вяткиннің аудармасынан кейін шыққан); бұл басылған нұсқалар, дегенмен, материалдардың орналасуы мен мазмұны жағынан (қысқартулар мен қосымшаларды көрсетеді) «Қандийа» қолжазбаларының қолданыстағы нұсқаларынан айтарлықтай ерекшеленеді. «Қандийаға» енгізілген «Рисала-йи Қутб-и чахардахум» мәтіні үшін қар.: Афшар, 1988: 84–128.

20 Тәуелсіз жеке «Манақиб» шығармасы Paul, 1993: 77–78 еңбегінде атап өтілген, бірақ ол Бартольд (Бартольд, 1915) тарапынан тереңірек талқыланған; Бартольд бұл еңбектің парсы «Қандийа» құрамына енгізілгенін бұрын В. Л. Вяткиннің осы еңбектің бір бөлігін аударуына шолу жасаған кезде атап өткен (Бартольд, 1908: 0186–0187; Бартольд, 1963–1977: VIII, 259–260).

қамтиды, ол әкесінен Бурхан ад-дин Қылычқа баруға рұқсат сұрайды; әкесі, ол шайхтың қатал қызғанышы мен шыдамсыздығы туралы беделіне байланысты қарсы болады, бірақ ақырында келіседі. Шайхзада келіп, Шайх Бурхан ад-дин тамақ әкелуге кеткенде, Шамс ад-дин оның бір кітабын алып оқи бастағанда қателікті байқап, кітаптың шетіне ескерту жазады. Бурхан ад-дин оралып, оның не істегенін түсінгенде, әдеттегідей біреу оны ренжіткенде әкелетін бір сабын мен төрт мата (қарбас) бөлігін әкеліп, Шамс ад-диннің алдына қояды. Бұл жас жігіттің денесін жуу мен оны ораудың символдары бұл әрине оның өлімін білдіреді және өлімі сол сәтте орын алады. Шамс ад-диннің әкесі, ұлының өлімін бірден біліп, басын хирқасының астына қойып (яғни, рухани күшін қолдану үшін), бір сағаттан кейін басын қайта көтергенде, Шайх Нур ад-дин Басир: «Енді оның да ісі аяқталды» деп мәлімдеген. Хикая Шамс ад-дин мен Бурхан ад-диннің жерлеу намаздары сол күні өткізілгенін және оларды қатар жерлегенін растай отырып аяқталады.<sup>21</sup>

Әулиелер арасындағы «сайыс» мотивін еске түсіретін агиографиялық қызығушылықтан тыс, бұл өте жиі кездесетін мотив, дегенмен жоғарыда айтылғандай, Бурхан ад-динмен дауласудың салдарына ерекше назар аударатын хикаялар ерекше қатал болып көрінеді. Әңгіме Бурхан ад-дин Қылычтың Нур ад-дин Басир әлі тірі кезінде қайтыс болғанын растайды. «Манақиб» Нур ад-дин Басирдің 646 жылдың зу-л-қа'да айында/1249 жылдың ақпан-наурызында қайтыс болғанын және оны хронологиялық тұрғыдан Бұхараның әйгілі сопысы және құқықтанушысы Сайф ад-дин Бахарзи (659/1261 ж. қ. б.) мен байланыстырғанын растайды.<sup>22</sup> «Манақибтың» жазылу мерзімі нақты белгісіз, бірақ оның авторы белгілі – бір Абу-л-Хасан деген кісі өзін Шайх Нур ад-диннің оныншы буындағы (немесе тоғызыншы – қолжетімді көшірмелерде генеалогиялық мәліметтерде қайшылық бар) ұрпағы ретінде анықтап, өз атасы Шайх Низам ад-динді Тимурдің замандасы ретінде сипаттайды.<sup>23</sup> Бұл ұрпақтық көрсеткіштер еңбектің жазылу уақытын XV ғасырдың ортасы деп көрсетеді және еңбекте Қасим-и Анвар (835/1431 ж. қ. б.) және Маулана Йа'қуб Чархи (1430 немесе 1440 ж. қ. б.) сияқты тұлғалардың еске алынуы арқылы одан әрі дәлелденеді.

Дәл сол әңгіме, Нур ад-дин Басирдің ұлының аты аталмаса да, Бурхан ад-дин Қылыч пен Нур ад-дин Басирдің ұлының бір уақытта дерлік қайтыс болуымен аяқталады. Ол Самарқандтың әйгілі Нақшбандийа шайхы Ходжа Ахрардың (895/1490 ж. қ. б.) атап айтқанда өмірбаянының бірінде - «Манақиб-и Ахрар» деп аталатын Маулана Шайхтың еңбегінде дербес кездеседі. Бұл хикаяда Нур ад-дин Басирдің білімді ұлы болғаны және оның Бурхан ад-дин Қылычқа баруға рұқсат сұрағаны баяндалады. Әкесі бұл шайхтың «қатал адам» (мард-и тунд) екенін ескерткен, бірақ ұлы табандылық танытып, ақыры рұқсат алады. Бурхан ад-дин

21 Нур ад-дин Басирдің «Манақибі», ӨР ШИ қолжазбасы, 3061/II (пп. 50b-76b, 1050/1640 жылы көшірілген, Ура-тепеде көшірілген сияқты, сипаттамасы СВР, III, бб. 203–204, № 2236), пп. 67b-68a; Санкт-Петербург қолжазбасы, Ресей Ұлттық кітапханасы, P.N.S. 330 (пп. 27a-58a, 1106/1694 жылы даталанған, сипаттамасы Костыгова, 1973: 112–113, № 331; қар. Костыгова, 1988: 212–213, № 586), пп. 47a-b; РФА ШҚИ қолжазбасы В4464/II (пп. 155a-205a, 1277/1861 жылы Ташкентте көшірілген, сипаттамасы Миклухо-Маклай, 1961: 99–100, № 153), пп. 185a-186a. «Қандийадағы» нұсқамен салыстырыңыз, Афшар, 1988: 96–98; бұл нұсқа басқа жерде (б. 125) Бурхан ад-дин Қылычтың «Ходжаган-и Дахбидидің» (яғни, Махдум-и А'замның ұрпақтары, төменде талқыланғандай) атасы болғанын атап өтеді.

22 Бахарзи туралы менің талқылауымды қар.: DeWeese, 1988: 47–49.

23 ӨР ШИ қолжазбасы 3061, п. 75a, Ресей Ұлттық кітапханасы, п. 55a (РФА ШҚИ В4464 қолжазбасы бұл бөлімді қамтымайды).

Қылычтың үйінде шайх тамақ әкелуге шыққан кезде, ұлы оның бір кітабын алып, қандай да бір қателік немесе кемшілікті (ғалати йа сахви) байқаған, содан кейін ол тырнағымен сол жерге сызық сызған, ал шайх қайтып келіп, бұл белгіні көргенде ашуланған кезде ұлы бірден қайтыс болған. Нур ад-дин Басир мұны бірден біліп, өзінің әулиелік қызғанышын іске қосқан: «оның қолындағы қасиетті түктер тік тұрды да, ол «Менің бауырым Бурхан ад-дин өз жұмысын бітірді!» деді». Содан кейін Шайх Бурхан ад-дин де қайтыс болған және екі денені бір уақытта жерлеуге шығарған.<sup>24</sup>

XV ғасырдың соңына қарай қалыптасқан Бурхан ад-дин Қылычтың агиографиялық бейнесі оның қызғаныш пен жанжалшыл әрекеттерімен ерекшеленетін беделін көрсетеді. Жалпы айтқанда, оны Узгенд немесе бүкіл шығыс Ферғана жазығы үшін XIII ғасырдың басында белсенді болған, жергілікті танымал орталық азиялық әулиелердің қатарына жатқызуға болады. Олар өз қалаларының «қамқор әулиелері» ретінде қарастырылып, олардың кесенелері маңызды жергілікті зиярат орындарына айналып, аймақтарында артықшылықтарға ие болатын ерекше отбасы топтарының ата-бабалары ретінде танылды, бірақ XIV және XV ғасырларда сопылық қауымдастықтар үшін құрылған инициациялық тарату желілеріне толықтай қосылмады (осы желілерге қабылданған әулиелермен байланыстары бар дереккөздерде жиі атап өтілген болса да). Мұндай әулиелер қатарына Самарқандпен байланысты Нур ад-дин Басир, Ташкентпен байланысты Зайн ад-дин Куй-и 'Арифани, Худжандпен байланысты Маслахат ад-дин Худжанди, болуы мүмкін және Хорезммен байланысты Пахлаван Махмуд кіреді, дегенмен ол сәл кейінірек өмір сүрген. Бұл әулиелер тізімін олардың өмірлерінен бір немесе екі ғасыр өткен соң олардың айналасында кесене кешендері, керемет әңгімелер және генеалогиялық дәстүрлер дамыған жергілікті танымал сопылық тұлғалар болған деп тануға болатын тұлғаларды атап өту арқылы кеңейтуге болады. Мысалы: Хаким Ата, Занги Ата, Сайид Ата, Садр Ата және Шайх Хаванд-и Тахур сияқты тұлғалар XV ғасырда құрылған сопылық силсилаларға тартылды. Сол арқылы олар жергілікті немесе аймақтық қасиеттіліктен (дегенмен, ол ұмытылмаған) жоғары жалпы инициациялық маңызға ие болды.

Бурхан ад-дин Қылычтың әулиелік бейнесінің дамуының ерте кезеңі сопылық ортаның сыртында жасалған басқа дереккөздерде де көрініс табады. Ең ерте дереккөздердің бірі, сөзсіз 777/1376 жылы Джахангир қайтыс болар алдында Тимурдің ұлы Джахангирге алаңдауы туралы хикаялардағы Бурхан ад-дин Қылычқа сілтеме болып табылады. Бұл хикаялар, XV ғасырдың басынан бастап Низам ад-дин Шамидің «Зафар-нама» шығармасында пайда болып, Тимурдің түсінде Бурхан ад-дин Қылычты көріп, одан ұлы үшін Құдайға араша түсуді сұрағанын растайды, бірақ шайх Тимурдің өзіне батасын беріп, Джахангир туралы ештеңе айтпай, Тимурдің ұлының денсаулығына қатысты алаңдаушылығын одан әрі күшейтеді.<sup>25</sup> Бұл хикаяларда Бурхан ад-дин Қылычтың кесенесі туралы нақты айтылмағанымен,

24 Маулана Шайх, «Манақиб-и Ахрар», ӨР ШИ қолжазбасы 9730 (СВР, VIII, 419–420-беттерде сипатталған, бірақ онда қате түрде Маулана Мухаммад Қазының Ходжа Ахрар өмірбаянының көшірмесі деп аталған; дұрыс сәйкестендіру Чехович, 1974: 17-де бұрыннан атап өтілген), pp. 81a-b; Patna, Khuda Bakhsh Oriental Public Library қолжазбасы, H.L. 2480 (басып шығарылған каталогта сипатталмаған), п. 52b; Kawamoto, 2004: 111–112; Nawshahi, 2001: 662.

25 Shami, 1984: 72–73. Бұл хикая кейінірек Йаздидің «Зафар-нама» (Yazdi, 2008: I, 454–455) еңбегінде қайталанып, стандартты баяндауға айналды.

Тимурдің әулиені түсінде көрген контексті сөзсіз маңызды. Бұл Тимурдің Дуғлат Амир Қамар ад-динге қарсы жорығының ортасында болған, ол Андижанға шабуыл жасағаннан кейін басталған және бұл хикаяларда Узганд нақты аталмағанымен, осы контексте Бурхан ад-дин Қылычты түсінде көру оның әулиелік тұлғасының Ферғана жазығының шығыс бөлігінде орналасқанын көрсетеді және осылайша жанама түрде оның сол жерде кесенесі бар екеніне нұсқайды. Тимурдің өмірі кезінде оның кесенесінің шынымен де сол жерде болғанын Узгандта табылған тағы бір қабіртас дәлелдейді, ол Тимурилер дәуірінің жылнамашысы Тадж ас-Салманиді 807/1404 жылы жазылған эпитафияның авторы ретінде анықтайды. Онда ол өзін Бурхан ад-дин Қылычтың «шәкірттерінің ең төменгісі» (камтарин-и муридан) деп атайды, бұл қарым-қатынас сөзбе-сөз тұрғыда күмәнді болғанымен, эпитафияның поэтикалық ортасында түсінікті.<sup>26</sup>

Бұл әулиенің кесенесінің Ферғана жазығында орналасуы кем дегенде, Бурхан ад-дин Қылычтың ұрпақтарына жасалған көптеген сілтемелерде көрініс табады. Орталық Азияда танымал әулиелердің ұрпақтары болып табылатын отбасылық топтардың феномені (олардың кесенелерін басқарумен жиі байланысты) кең таралған және ортағасырлық дереккөздерде осындай ұрпақтармен байланыстырылған жеке адамдар мен топтарға сілтемелер көп кездеседі. Мұндай топтар мен жақында танымал болған ходжалар топтары арасында, сондай-ақ, қасиетті ұрпақ тұрғысынан анықталатын сөзсіз байланыс бар, дегенмен бұл байланыстың сипаты әрқашан анық емес және кез келген жағдайда әр топта әртүрлі болуы мүмкін. Қазіргі уақытта және өткен уақытта мұндай ұрпақ топтарының көбісі (яғни, белгілі бір әулиелерге байланысты сопылық қауымдастықтарда, белгілі бір әулиелердің кесенелерін қолдайтын жерлермен байланысты әлеуметтік топтарда, олардың жанында танымал әулиелердің кесенелері орналасқан отырықшы немесе көшпелі қауымдастықтарда немесе олардың отбасыларымен сопылық инициациялық байланыстар тұрғысынан орнатқан қандай да бір қауымдық байланыстары бар қауымдастықтарда) басқа шығу тегіне ие болуы мүмкін, бірақ биологиялық ұрпақтық мүдделерді мүмкін емес деп бірден жоққа шығаруға болмайды, әртүрлі жағдайларда қалыптасқан әлеуметтік топтарды әулие туыстығының генеалогиялық идиомасымен қайта жіктеудің көптеген мүмкін жолдары болғанына қарамастан Бурхан ад-дин Қылыч жағдайында таңғаларлық нәрсе оның ұрпақтарының түсінігінің ұзақ мерзімді үздіксіздігі XIII ғасырдың соңынан бастап, XVIII ғасырға дейін әулиенің ұрпақтарына сілтемелер үнемі кездеседі,<sup>27</sup> бұл нақты шежірелер мен генеалогиялық құрылымдарды қадағалауға жеткілікті үздіксіздікпен болмаса да, Бурхан ад-дин Қылычтың ұрпақтарының

26 Горячева/Настич, 1983: 179–181; қар. Настич, 1984: 172. Тадж ас-Салмани және оның тарихи еңбегі туралы толығырақ қар.: Roemer, 1956.

27 Мұнда ортағасырлық әулиелердің ұрпақтары туралы мүдделер мәселе болып отыр, мұсыман қауымдастығының алғашқы күндерінен бастап Пайғамбармен байланысты халифа немесе басқа да тұлғалардан ортағасырлық әулиенің ұрпағы деген мүдделерден гөрі проблемалы, бірақ ақырында дерлік кең таралған талаптар емес; соңғылары салыстырмалы түрде ерте пайда болуы мүмкін – Ахмад Йасауидің Мухаммад б. ал-Ханафийаның ұрпағы деген мүдделер XIV ғасырдан бері куәландырылғаны сияқты – бірақ олар кейбір тұрғыдан ортағасырлық әулиелердің туыстығы туралы мүдделерге қарағанда генеалогиялық тексеруге аз қолайлы, өйткені олар үшін жиі мәтіндік сілтемелер табуға болады. Бұл себептен ішінара XVIII немесе XIX ғасырларға қарай және қазіргі уақытта ходжа қауымдастықтарының топтық санасы әдетте ортағасырлық әулиелерді айналып өтіп, исламның алғашқы күндеріндегі қасиетті тұлғаларға назар аударады.

мүдделері толығымен жасанды емес екенін көрсетуге жеткілікті жиі кездеседі, немесе кем дегенде оның ұрпақтарының онымен байланысын сақтап, өсіріп отыратын түсініктің жалғасып келе жатқанын көрсету үшін жеткілікті жиі кездеседі.

Жоғарыда айтылғандай, Бурхан ад-диннің ұлы туралы Джамал Қарши айтып кеткен. 695/1296 жылы қайтыс болған немере немесе немересінің баласы болған ұрпағы болған және 775/1373 жылы қайтыс болған әйел ұрпағы туралы эпиграфиялық қалдықтардан белгілі. XVI ғасырдың басында жазған Бабур өзінің қолдаушыларының бірі 903/1498 жылы өлтірілген Ходжа Маулана-йи Қазыны, әкесінің жағынан Бурхан ад-дин Қылычтың, ал анасының жағынан Султан Илик Мази (кейінгі дереккөздерде әртүрлі жолдармен Бурхан ад-дин Қылычпен байланысты) ұрпағы деп анықтайды.<sup>28</sup> XVI ғасырдағы Кубрауиша шайхы Хусайн Хорезмиге (958/1551 ж. қ. б.) арналған екі негізгі агиографияға сәйкес шайхтың ата-бабалары Бурхан ад-дин Қылычтың шежіресінен шыққан және оның кесенесінің жанында «Андижан уәлаятында» тұрған және Тимурилер ханзадасы Мухаммад Джуки Мирза кезінде әулиенің атасы Хорезмге келген.<sup>29</sup> Махдум-и А'зам және Мухаммад Ислам Джұйбари шәкірті болған және XVI ғасырдың аяғында Мауараннахрдан Осман империясына көшіп, сонда маңызды Нақшбандиша силсиласын құрған Ахмад Садиқ Ташканди, шәкіртінің жинаған арабша агиографиясына сәйкес Бурхан ад-дин Қылычтың анасының атасы арқылы ұрпағы болған.<sup>30</sup> 1640-ншы жылдары Бахта құрастырылған «Бахр ал-асрар» авторы Махмуд б. Амир Вали, өзінің Бурхан ад-дин Қылычтың әкесі арқылы ұрпағы екенін растайды және оны үнемі «сайид» деп атайды.<sup>31</sup> Ол әйгілі Ханафиша құқықтанушы Бурхан ад-дин Марғинанидің (993/1196–1197 ж. қ. б.) шайхы болғанын айтады. Бұл мүдденің дереккөзі белгісіз, бірақ екі тұлғаның өмір сүрген мерзімдерінің сәйкес келуін және олардың Ферғана жазығындағы қызметін ескере отырып, олардың қандай да бір байланысы болғаны мүмкін. Соңында, 1047/1637–1638 жылы немесе одан кейін Аштарханилер билеушісі Имам Қули ханның «Сайид» Бурхан ад-дин Қылычтың Узғандағы ұрпақтарына артықшылықтар берген құжаты сақталған.<sup>32</sup>

28 Bābur, 1922: 29, 89; Bābur, 1995: I, 23, 80–81; Bābur, 1993: I, 31, 109–111; қар. Thackston аудармасының түсіндірілген және иллюстрацияланған нұсқасы, Bābur, 1996: 50, 92 (бұл нұсқада Thackston Бурхан ад-дин Қылычты қате түрде «Хидайа» еңбегінің авторы Бурхан ад-дин 'Али ал-Марғинанимен сәйкестендірген).

29 Джани-Махмуд б. Шайх 'Али б. 'Имад ад-дин Гидждувани, Мифтах ат-талибин, Aligarh Subhanullah қолжазбасы No. 297.7/13, п. 218а; Шариф ад-дин Хусайн Хорезми, Джаддат ал-'ашиқин, Aligarh Subhanullah қолжазбасы No. 297.71/1, пп. 22b-23a (Бурхан ад-диннің «Қылыч» деген атқа қалай ие болғаны туралы әңгіме нұсқасын қоса алғанда, төменде атап өтілген); осы екі еңбек және Хусайн Хорезмидің қызметі туралы толығырақ DeWeese, 1988: 69–74 қар.

30 Мустафа б. Хусайн ас-Садиқи, «ал-Манхадж ал-мувассил ила-т-тариқ ал-абхадж», Princeton, Arabic Collection қолжазбасы, New Series, No. 974, пп. 9b-10a; Dina LeGall-ға осы қолжазбаның көшірмесін алуға мүмкіндік бергені үшін алғыс айтамын. Ташканди туралы толығырақ, ол Ташкентте XIII ғасырдың соңында белсенді болған шайх 'Умар Багистанидің де ұрпағы ретінде көрсетілген, қар.: LeGall, 2005: 22–23, 44–47, 88–97.

31 Махмуд б. Амир Вали, Бахр ал-асрар, India Office қолжазбасы, Ethé 575, п. 142 (Махдум-и А'замның Бурхан ад-дин Қылычтың ұрпағы екенін де атап өтеді). Бұл мәселелер еңбектің басқа бөлімінде де айтылады (Бурхан ад-дин Қылычты Марғинанидің ұстазы деп көрсетпей); қар.: Ахмедов, 1977: 71 (сондай-ақ, 64-бетте, Узғандағы Бурхан ад-дин Қылычтың кесенесін еске алады).

32 Құжат А. А. Семёновтың XVIII ғасырдың басындағы «Тазкира-йи Муким-хани» аудармасына алғы сөзінде атаған: Семёнов, 1956: 9.

51 Маджд ад-дин Бағдади айтқан бұл пікірге сілтеме жасай отырып, түрік ғалымы Микаил Байрам XIII ғасырдың соңындағы «Түркістан шайхтары» туралы айтатын екі басқа еңбекті атап өтеді, онда да Ахмад Йасауидің аты аталамаған; қар.: Вауғат, 1996: 535–536 (қайта басылған Вауғат, 2003: 50–57 [нақтырақ айтқанда, бб. 51–52] және өзбек тілінде Вауғат, 2001: 281–287 [нақтырақ айтқанда, бб. 282–283]). Байрам (ол өзінің жеке кітапханасындағы қолжазбаны қарап шығып, Бағдадидің еңбегіне басқа атау, «Зубдат ал-авали ва хиллат ал-амали» берген) Бағдадидің маша'их ат-турк туралы не айтқанын нақтыламайды, бірақ оның сөздері тек «Йасауи мен оның басқарған сопылық қозғалысына» қатысты болуы мүмкін деп мәлімдейді. «Маша'их-и Түркістан» деп аталатын басқа екі еңбек Анатолияда әйгілі Садр ад-дин Қунавиге (673/1274 ж. қ. б.) байланысты сопылық шеңберлерден шыққан сияқты: бірі, «Минхадж ал-'ибад», Қунавидің шәкірті Са'ид ад-дин Фаргани жазған (Байрам, Bursa Eski Eserler Ktp. қолжазбасы [Saraçoğlu Kısmı] No. 825, п. 85а деп сілтейді); екіншісі, Авхад ад-дин Кирмани шәкірті болуы мүмкін Баха' ад-дин Тоған [sic] атты біреудің шағын трактаты, ол «Түркістан шайхтарының» зикр әдісі мен принциптері туралы Садр ад-дин Қунавиге кеңес берген (Байрам Bursa Eski Eserler Ktp. қолжазбасы (H. Çelebi Kısmı) No. 1183, pp. 74а–76а деп сілтейді).

ж. қ. б.) оның ұстазы болғанын көрсететін ертерек хикаяларды жалғастырады.<sup>52</sup> Бұл қарым-қатынас хронологиялық себептермен заманауи ғылыми жұмыстарда күмән келтірілді. Себебі Йасауидің қайтыс болған уақыты ретінде 562/1166–1167 ж. деп берілген кеңінен қабылданған деректерге негізделген бұл мәлімет шын мәнінде негізсіз екені анықталғаннан кейін, Йасауидің Йусуф Хамаданимен арасындағы қарым-қатынас хронологиялық тұрғыдан тұрақсыз болады.

Ескі мәліметтерге сүйенсек, «Марта' ас-салихин» еңбегінде Ахмад Йасауидің Йусуф Хамаданиге қатысты сопылық практика ретінде маңызды болып табылатын зикр стилі бойынша айырмашылығы бар екенін көрсетті. Бұл оның Йусуф Хамаданидің шәкірті бола алмайтындығы туралы түпкілікті дәлел емес, шәкірт өз ұстазының практикасынан ауытқуы мүмкін деген мүмкіндікті мойындауымыз керек. Әрине, XIII-XV ғасырлардағы көптеген сопылық мәтіндер, оның ішінде бірнеше Ходжаганиия жұмыстары белгілі бір шәкірттердің немесе басқалардың зикр практикасына қатысты өз ұстаздарымен неге айырылысқандығын нақты талқылайды. Алайда мұндай талқылаулар көбінесе мұрагерлік мәселелеріне қатысты таластармен (мысалы, Гиджаувани, Баха' ад-дин Нақшбандтың Амир Кулаалға мұрагерлігі) немесе Хизрдің зикр әдісінен бас тартуға рұқсат беруімен байланысты және осы негізде біз зикрдің режимі заңдылық пен қауымдық байланыстың белгісі ретінде маңызды болған сайын мұрагерліктің стиліндегі тұрақтылық туралы хикаялар, сондай-ақ, ұстаздың әдісінен ауытқу туралы хикаялар нақты практика мен байланыстың көрсеткіштері ретінде емес, бәсекелестік дискурстардың дәлелі ретінде маңызды болғанын есте ұстауымыз керек. Бірақ, Бурхан ад-дин Қылычтың жұмысында зикрге қатысты айтылған тұлғалар арасындағы ұстаз-шәкірт қарым-қатынастары немесе мұрагерлік туралы талқылау жоқ және осы жерде қаралған хикая Йасауидің Хамаданидің шәкірті болуына қарсы нақты дәлел болмағанымен, Ахмад Йасауидің сопылық практикадағы бастауыш байланыстығының «стандартты» көрсетілімінің сенімділігін әлсірететін басқа дәлелдермен қатар жүреді.

Осы тұрғыда «Марта' ас-салихин» Ахмад Йасауиді таңдаған зикр формуласында әйгілі хорасандық шайх Абу Са'ид б. Аби-л-Хайрмен (440/1049 ж. қ. б.), оның бастаушы берілімі мен рухани әдістемесінің мұрасы оның тарихи тұлғасы мен әдеби шығармаларының белгілі болғанындай беймәлім.<sup>53</sup> Ахмад Йасауидің Шихаб ад-дин 'Умар Сухравардидің шәкірті болғанын сақтаған сол ішкі Йасауиия дереккөздері, Йасауидің бірнеше сопы ұстаздары арасында белгісіз тұлға болып саналатын, бірақ бір хикаяда әйгілі X ғасырдағы Тус аймағының сопы шайхы Абу

52 Йасауианың ішкі дереккөздерінде Сухравардидің Йасауидің ұстазы болғанын алғаш рет растаған еңбегі – «Джами' ал-муршидин», 972/1564–1565 ж. жазылған парсы тіліндегі агиография шығармасы, авторы Хазини, өзі Йасауиия шайхы, Хисардан (қазіргі Тәжікстан) шыққан, XVI ғасырдың екінші жартысында Стамбулда орналасқан; Берлин, Staatsbibliothek Preussischer Kulturbesitz қолжазбасы, No. orient. Oct. 2847 (Eilers, 1968: 274–275, No. 352 сипаттаған), pp. 54a, 62a–b. Сухравардидің рөлі Орталық Азияда жазылған негізгі Йасауиия агиографиясында да расталған: «Ламахат мин нафахат ал-қудс», авторы – 'Алим Шайх 'Алийабади, 1035/1626 ж. аяқтаған (DeWeese, 1999b қар.). Жоғарыда талқыланған Нур ад-дин Басирдың «Манакиб» еңбегінде де Сухраварди Йасауидің ұстазы ретінде көрсетілген, оған ерекше рөл берілген және басқа ұстаздары да мойындалған. Ақырында, Исхақ Ходжа б. Исма'ил Ата еңбегінің бір нұсқасына қосылған бірнеше қолжазбада да осындай таныстырулар бар (жоғарыдағы 9-ескертпеге қар.).

53 Бұл тұлға туралы қар.: Meier, 1976 және O'Kane, 1992.

Наср ас-Саррадждың шәкірті ретінде көрсетілген,<sup>54</sup> ол жерде Наджм ад-дин Тусиді де атап өтеді. Абу Са'ид б. Аби-л-Хайрдың бастаушы берілім силсиласының қалпына келтірулерінде ас-Саррадж Абу Са'идтың ұстазы, Абу-л-Фаза Сарахсидің ұстазы ретінде көрсетіледі және Йасауи үшін Наджм ад-дин Туси арқылы берілген қысқартылған силсила сөзсіз қабылданбауы керек болғанымен, бұл Ахмад Йасауидің немесе оның рухани ықпалдарының Абу Са'ид б. Аби-л-Хайрмен байланысты Тус сопылық шеңберлерімен қандай да бір қатынасын көрсетеді деп қабылдауға болмайды. Сол сияқты, Бурхан ад-дин Қылычтың Йасауи мен Абу Са'идтің ортақ зикр әдісі туралы айтқан сөздерін Йасауидің бастаушы тізбегімен немесе Абу Са'идпен байланысты тұлғалармен қандай да бір қатынасы бар деген шешуші дәлел ретінде қабылдау мүмкін емес, бірақ бұл Йасауидің рухани дайындығы мен бастаушы силсиласының «стандартты» хикаялары толық әңгіме айтпайтынының қосымша көрсеткіші ретінде маңызды.

Осы тұрғыда назар аударатын тағы бір маңызды айырмашылық – «Марта' ас-салихин» және Мажд ад-дин Бағдадидің еңбегінде берілген хикаялар арасындағы айырмашылық (екіншісінде Ахмад Йасауидің тікелей аталғанын ескерсек): Бағдади де «Аллаһ» сөзін қолданатын зикрді қолдайтындардың қатарында «Шайх Абу Са'ид б. Аби-л-Хайр тобы және түріктердің шайхтары және басқалар» деп атап өтеді. Бірақ Бағдади «лә иләһә иллә Аллаһ» формуласын қолданатын зикрді ұстанушыларды «Шайх Абу Йа'қуб Йусуф б. Аййуб ал-Хамадани және Шайх Абу-н-Наджиб ас-Сухраварди және басқалар» деп анықтайды. «Марта' ас-салихин» сияқты емес, Бағдадидің еңбегі Йусуф Хамаданиді зикр тұрғысынан Шайх Абу-н-Наджиб ас-Сухраварди, Шихаб ад-дин 'Умар Сухравардидің ағасы және инициациялық ұстазы деп байланыстырады. Бағдади осылайша «түркі шайхтары» арасында қолданылатын зикр стилін біздің деректерде Ахмад Йасауидің ұстаздары ретінде анықталған белгілі шайхтардың қолдайтын зикр стилінен айқын ажыратады, осылайша оның рухани тәрбиесінің мәселесін одан әрі күрделендіреді.<sup>55</sup>

Бұл тұрғының соңында, Бурхан ад-динның зикр формуласы туралы талқылауы бізге XIII ғасырдағы сопылық жазушының мүдделері кейінгі сопылық жазушылардың мүдделерімен сәйкес келмеуі мүмкін екенін еске түсіруі мүмкін. Бұл әсіресе XIII ғасыр мен XVI ғасыр аралығында сопылық қауымдық өмірдің ұйымдастырылуындағы өзгерістерге қатысты шындық болып табылады, бірақ ол рәсімдер мен діни практикаларға да қатысты. Бурхан ад-дин үшін маңызды болған

54 Наджм ад-дин Туси Йасауидің ұстазы ретінде Хазинидің «Джами' ал-муршидин» шығармасында, «Ламахатта» және Нур ад-дин Басирдің «Манақибінде» аталады. Тек Исхақ Ходжа б. Исма'ил Атаның еңбегіне қосымша ретінде бұл тұлғаны Абу-н-Наср ас-Саррадждың шәкірті ретінде көрсетеді.

55 Бұл тұрғыда Бағдадидің басқа жерде Хамаданидің және Сухравардидің тәжірибесі арасындағы айырмашылықты атап өткенін ескерген жөн (Yale қолжазбасы, п. 37а; Riyāḥī, 1983: б. 26-да атап өткен): шайхтардың бір тобы үздіксіз мистикалық оқшаулануларды (ал-халват 'ала-д-давам) ұнатады, мысалы, «аш-Шайх Йусуф ал-Хамадани», ал басқалары, мысалы «аш-Шайх Абу-н-Наджиб ас-Сухраварди», 40 күндік шегінулерді, оқшаулану сессиялары арасында «демалыс» (ал-арба'инат ва-л-истираха фи ма-байн ал-халватайн) ұнатады. Бұл айырмашылық белгілі бір қызығушылық тудырады, өйткені Йасауидің практикасы 40 күндік шегінулерді қолданғанымен, оның ұнататын тәртібін «халватта зикрдің үздіксіз практикасына негізделген» деп анықтаған (деп Джунайдытың жолы деп аталатын ерекшелік). Практиканың әртүрлі түзетулері бізге суфи қауымдық өмірінің түрлі компоненттерінің, практикадан бастап бірнеше инициацияларға дейінгі икемділігін, сопы «тариқаттарының» бірігуіне дейінгі кезеңді еске салады.

зикрде қолданылатын формулалардағы айырмашылықтар кейінгі талқылауларда өз маңызын жоғалтып ұмытылды, ал Ходжаганийа қауымдастығының ішінде де, ходжағандық (және кейінірек Нақшбандийа) шеңберлер мен Йасауийа немесе 'Ишқийа топтар арасындағы дуэльдер барысында да атап өтілген негізгі айырмашылық, зикрдің үнсіз немесе естілетін (және шынында да қатты) айтылуы Бурхан ад-диннің (және сол дәуірдегі Мажд ад-диннің) тарапынан айтылмаған.

Ақырында, бұл жерде қаралған жазбалар, кеңірек алғанда Ахмад Йасауидің XIII ғасырдың бірінші жартысында, яғни оның қайтыс болғаннан кейін шамамен жарты ғасыр ішінде көрнекті сопы шайх ретінде беделін растау үшін маңызды. Бір жағынан, оның аты аталған және Абу Са'ид б. Аби-л-Хайр, Имам Ғазали, Джунайд және Йусуф Хамаданилердің өз алдына, оның үстіне Йасауи туралы дереккөздердің осы еңбекте оған сілтеме жасалғаннан кейін тағы екі жарым ғасыр бойына виртуалды үнсіздігін ескеретін болсақ, бұл өте керемет. Екінші жағынан, бұл хикая Йасауидің әулиелік бейнесінің әртүрлі элементтері әртүрлі тарихи кезеңдерде дамығанын еске салу үшін маңызды. Ертеректегі деректер оның қасиетті шыққан тегі (Мухаммад б. ал-Ханафийадан) мен Түркістан аймағындағы түрлі отбасылар үшін оның генеалогиялық маңыздылығын көрсетеді. Сол сияқты ертеректегі деректер оның исламдандырушы әулие ретінде танылғанын растайды, бұл бейне моңғол дәуірінде дамыған<sup>56</sup> (дегенмен, оның «түркілерді исламдандырушы» ретінде суреттелуі кеш кезеңде дамыған); оның кесенесі де XIV ғасырдың соңында Тимурдің бұйрығымен салынған монументалды құрылымнан бұрын да діни қызметтің орталығы болғаны сөзсіз. Барлық дәлелдерге қарағанда, бүгінгі күні Йасауидің мұрасының ең танымал бөлігі ең кеш дамыған. Оның ақын ретіндегі беделі тек XVIII және XIX ғасырларда ғана қалыптасқан сияқты, оның есімі Йасауидің өмір сүрген уақытынан әлдеқайда кейін жазылған шағатайлық түркі өлеңдерінің жинағы саналатын «Диуан-и хикматпен» байланысты болған.<sup>57</sup>

Йасауи бейнесінің бұл элементтері қашан және қалай болса да дамыды, дегенмен оған ең алғашқы сілтемелер, соның ішінде мұнда талқыланған XIII ғасырдағы дереккөздегі сілтемелер оның әулие тұлғасының ең алғашқы құрамдас бөлігі оның сопылық ой мен практиканың «негізгі» ағымындағы сопылық шайх ретіндегі беделі екеніне еш күмән келтірілмес. Басқаша айтқанда, Ахмад Йасауи туралы біздің ең алғашқы тарихи сілтемелеріміз оның ең алдымен сопылық шайх болғанын айқын көрсетеді және оның тұлғасын қандай отбасылық немесе агиографиялық дәстүрлер қоршап алған болса да, оның сопылық карьерасы болды деген болжамға бұлтартпас дәлелдер береді. Оның имиджі мен танымал беделін қалыптастырды. Осы екі тұлғаның әулие бейнелерінің траекториялары бір-бірінен қайшы келсе де, Бурхан ад-дин Қылычқа қатысты да осындай қорытынды жасауға болады деп болжаймыз. Алайда, ирониялық жағынан Ахмад Йасауидің сопылық тұлғасын растауға көмектесетін оның сопылық болмысын анық қалдыратын – соңғы тұлғаның жазба жұмысы.

56 Осы беделдің аспектілері туралы талқылауды DeWeese, 2000 еңбегінен қар.

57 Бұл мәселе бойынша талқылауды DeWeese, 2006 және DeWeese, 2011b еңбектерінен қар.

**Библиография**<sup>58</sup>

- Abdul Muqtadir, Mawlana 1933 – *Supplement to the Catalogue of the Persian Manuscripts in the Oriental Public Library at Bankipore*, vol. II. Calcutta: Baptist Mission Press.
- Babajanov, B. 1999 – "Biographies of Makhdūm-i A'ẓam al-Kāsānī al-Dahbīdī, Shaykh of the Sixteenth-Century Naqshbandiyya," *Manuscripta Orientalia*, 5/2 (1999): 3–8.
- Bābur, Ẓahīr al-Dīn Muḥammad 1922 – *The Bābur-nāma* in English. Tr. Annette Susannah Beveridge. London: Luzac & Company; repr. 1969.
- Bābur, Ẓahīr al-Dīn Muḥammad 1993 – *Zahiruddin Muhammad Babur Mirza, Baburnama*. Ed. & tr. Wheeler M. Thackston, Jr., 3 vols. Cambridge, Massachusetts: Harvard University, Department of Near Eastern Languages and Civilizations (Sources of Oriental Languages and Literatures, ed. Şinasi Tekin / Gönül Alpay Tekin, 18; Turkish Sources, No. XVI).
- Bābur, Ẓahīr al-Dīn Muḥammad 1995 – *Ẓahīr al-Dīn Muḥammad Bābur, Bābur-nāma (Vaḡāyī ')*. Ed. Eiji Mano, 2 vols. Kyoto: Syokado.
- Bābur, Ẓahīr al-Dīn Muḥammad 1996 – *The Baburnama: Memoirs of Babur, Prince and Emperor*. Tr. Wheeler M. Thackston. Washington, D.C.: Smithsonian Institution, published in association with Oxford University Press, New York.
- Baldick, Julian 1993 – *Imaginary Muslims: The Uwaisi Sufis of Central Asia*. New York: New York University Press.
- Bayram, Mikāil 1996 – "Anadolu'nun Türkleşmesi ve İslamlaşmasında Hâce Ahmed-i Yesevî'nin Rolü." In: Şeker, Mehmed / Necdet Yılmaz (eds.): *Ahmed-i Yesevî: Hayatı–Eserleri–Fikirleri–Tesirleri*. Istanbul: Seha Neşriyat, pp. 533–545; reprinted in Bayram, 2003, pp. 50–57.
- Bayram, Mikāil 2001 – "[Mekāil Bāyrām], "Anadolııning turkiylāshuvi vā islāmlāshuvıdā Āhmād Yassāvıyning roli," in: Haqqul, Ibrahim / Nadirkhan Ḥasān / Āzızā Bektash (eds.): *Khajā Āhmād Yassāvıy: Ḥayāti, ijādi, ān'ānālari*. Tashkent: Uzbekistan Yazuvchilār uyushmāsi Ādābiyat jāmg'armāsi nāshriyati, pp. 281–287.
- Bayram, Mikāil 2003 – *Türkiye Selçukluları Üzerine Araştırmalar*. Konya: Kömen Yayınları.
- Brockelmann, C. 1952 – "Newa's Biographien türkischer und zeitgenössischer Mystiker." In: Fück, J. (ed.): *Documenta Islamica Inedita (Festschrift R. Hartmann)*. Berlin: Akademie-Verlag, pp. 221–249.
- Castagné, Joseph 1951 – "Le culte des lieux saints de l'islam au Turkestan." *L'Ethnographie* 46: 46–124.
- De Blois, François 2004 – *Persian Literature, vol. V, Persian Poetry of the Pre-Mongol Period*, 2<sup>nd</sup> ed. London: Royal Asiatic Society / Routledge Curzon.
- DeWeese, Devin 2012a – "The Earliest Reference to Aḥmad Yasavī," in: Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері: IV халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары / Материалы IV международной научно-практической конференции "Проблемы исследования наследия и учения Ходжа Ахмеда Ясави" / *Research Problems of Heritage and Studies of Hodja Ahmed Yasawi: IV international scientific-practical conference, Articles* (Түркістан: Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігі, Мәдениет комитеті, "Әзірет Сұлтан" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы / Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі, Ахмад Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті), бб. 6–14.
- DeWeese, Devin / Ashirbek Muminov / Durbek Rahimjanov / Shavasil Ziyadov 2013 – *Исламизация и генеральные родословные в Центральной Азии: Наследие Исхак Баба в нарративной и генеалогической традициях, Том 1: Открытие пути для ислама: рассказ об Исхак Бабе, XIV–XIX вв. / Islamization and Sacred Lineages in Central Asia: The Legacy of Ishaq*

58 Библиографияда тек жарияланған еңбектер ғана қамтылған; қолжазба түрінде пайдаланылған дереккөздерге сілтемелерді ескертпелерде табуға болады.

- Bab in Narrative and Genealogical Traditions, Vol. I: Opening the Way for Islam: The Ishaq Bab Narrative, 14<sup>th</sup>–19<sup>th</sup> Centuries*, with a supplement by Alfrid Bustanov. Almaty: Daik-Press.
- DeWeese, Devin 1988 – "The Eclipse of the Kubraviyah in Central Asia." In: *Iranian Studies* 21/1–2: 45–83; reprinted (and corrected) in: DeWeese, 2012b, No. I.
- DeWeese, Devin 1994 – "Bābā Kamāl Jandī and the Kubravī Tradition among the Turks of Central Asia." In: *Der Islam* 71: 58–94; reprinted in: DeWeese, 2012b, No. V.
- DeWeese, Devin 1996a – "The Mashā'ikh-i Turk and the Khojagān: Rethinking the Links between the Yasavī and Naqshbandī Sufi Traditions." In: *Journal of Islamic Studies* 7: 180–207; reprinted in: DeWeese, 2012b, No. VI.
- DeWeese, Devin 1996b – "Yasavī Ṣayḥs in the Timurid Era: Notes on the Social and Political Role of Communal Sufi Affiliations in the 14<sup>th</sup> and 15<sup>th</sup> Centuries", in: Bernardini, Michele (ed.): *La civiltà timuride come fenomeno internazionale*. [= Oriente Moderno, N.S., 15 (76), No. 2]: 173–188; reprinted in: DeWeese, 2012b, № VII.
- DeWeese, Devin 1996c – "The Tadhkira-i Bughrā-khān және Uvaysī Sufis of Central Asia: Notes in Review of *Imaginary Muslims*." In: *Central Asiatic Journal* 40: 87–127.
- DeWeese, Devin 1999a – "Khojagāni Origins and the Critique of Sufism: The Rhetoric of Communal Uniqueness in the Manāqib of Khoja 'Alī 'Azizān Rāmīnī." In: De Jong, Frederick / Bernd Radtke (eds.): *Islamic Mysticism Contested: Thirteen Centuries of Controversies and Polemics*. Leiden: E. J. Brill, pp. 492–519; reprinted in: DeWeese, 2012b, № VIII.
- DeWeese, Devin 1999b – "The Yasavī Order және Persian Hagiography in Seventeenth-Century Central Asia: 'Alīm Shaykh of 'Alīyābād and his Lamaḥāt min nafahāt al-quḍs шығармасы." In: Lewisohn, Leonard / David Morgan (eds.): *The Heritage of Sufism, vol. III: Late Classical Persianate Sufism (1501–1750), The Safavid and Mughal Period*. Oxford: Oneworld Publications, pp. 389–414; reprinted in: DeWeese, 2012b, № IX.
- DeWeese, Devin 2000 – "Sacred Places және 'Public' Narratives: The Shrine of Ahmad Yasavī in Hagiographical Traditions of the Yasavī Sufi Order, 16<sup>th</sup>–17<sup>th</sup> Centuries," In: *Muslim World* 90/3–4: 353–376; reprinted in: DeWeese, 2012b, № X.
- DeWeese, Devin 2006 – Foreword to Mehmed Fuad Köprülü, *Early Mystics in Turkish Literature*, translated and edited by Gary Leiser / Robert Dankoff. London / New York: Routledge, 66. VIII–XXVII.
- DeWeese, Devin 2009 – "Orality and the Master-Disciple Relationship in Medieval Sufi Communities (Iran and Central Asia, 12<sup>th</sup>–15<sup>th</sup> centuries)," in: Auzépy, M.-Fr. / G. Saint-Guilain (eds.): *Oralité et lien social au Moyen Âge (Occident, Byzance, Islam): parole donnée, foi jurée, serment*. Paris: Centre de Recherche d'Histoire et Civilisation de Byzance (Monographies 29), 66. 337–351.
- DeWeese, Devin 2011a – "Succession Protocols және Early Khwajagani Schism in the *Maslak al-'arifin*," in: *Journal of Islamic Studies* 22/1: 1–35.
- DeWeese, Devin 2011b – "Ahmad Yasavi and the Divan-i Hikmat in Soviet Scholarship," in: Kemper, Michael / Stephan Conermann (eds.): *The Heritage of Soviet Oriental Studies*. London / New York: Routledge, 66. 262–290.
- DeWeese, Devin 2012b – *Studies on Sufism in Central Asia*. Farnham, Surrey: Ashgate, 2012 (Variorum Collected Studies reprint series, CS1017).
- Eilers, Wilhelm, ed. 1968 – *Verzeichnis der orientalischen Handschriften in Deutschland, Band XIV, Teil 1: Persische Handschriften*. Wiesbaden: Franz Steiner Verlag.
- Elias, Jamal J. 1995 – *The Throne Carrier of God: The Life and Thought of 'Alā' ad-Dawla as-Simmānī*. Albany: SUNY Press.
- GAL – *Geschichte der arabischen Litteratur*, ed. Carl Brockelmann, 2 рea., revised ed. Leiden: E. J. Brill, 1943–1949.
- GALS – *Geschichte der arabischen Litteratur: Supplementbände*, ed. Carl Brockelmann, 3 том. Leiden: E. J. Brill, 1937–1942.

- Goriatcheva, Valentina D. 2001 – "À propos de deux capitales du kaghanat karakhanide." In: *Études Karakhanides*. Ташкент/Aix-en-Provence: Édisud (*Cahiers d'Asie centrale* 9: 91–114).
- Hartmann, Martin 1905 – "Ein Heiligenstaat im Islam: das Ende der Čaghataiden und die Herrschaft der Choğas in Kaşgarien." In: Hartmann, Martin: *Der islamische Orient*, том 1/6–10, 66. 195–374.
- Isfarāyīnī, Nūr al-Dīn ‘Abd al-Raḥmān 1986 – *Révéléateur des mystères: Kāshif al-Asrār*, ed. and transl. Hermann Landolt. Paris: Éditions Verdier.
- Kawamoto, Masatomo, ed. 2004 – *The 15<sup>th</sup> Century Central Asian Hagiography Maqāmāt-i Khwāja Aḥrār: Memoirs Concerning Khwāja Aḥrār (1404–1490), Compiled by a disciple called Mawlānā Shaykh*. Токио: Research Institute for Languages and Cultures of Asia and Africa (ILCAA).
- Kim, Hodong 1996 – "Muslim Saints in the 14<sup>th</sup> to the 16<sup>th</sup> Centuries of Eastern Turkestan." *International Journal of Central Asian Studies* 1: 285–322.
- Kubrā, Najm al-Dīn 1982 – *Risāla-yi fārsī al-Sā’ir al-ḥā’ir*, ред. Mas’ūd Qāsimī. Tehran: Kitābfurūshī-yi Zuvvār, 1361.
- Kubrā, Najm al-Dīn 1985 – *Risāla-i ilā’l-ḥā’im al-khā’if min lawmat al-lā’im*, ed. Tawfīq Subḥānī. Tehran: Sāzmān Intishārāt-i Kayhān, 1364.
- LeGall, Dina 2005 – *A Culture of Sufism: Naqshbandīs in the Ottoman World, 1450–1700*. Albany: State University of New York Press.
- Māyil Haravī, Najīb, ред. 2002 – *Īn barg-hā-yi pīr: Majmū’a-yi bist athar-i chāp nā-shoda-yi fārsī az qalamraw-i taṣavvuf*. Tehran: Nashr-i Nay, 1381.
- Meier, Fritz, ed. 1957 – *Die Fawā’ih al-Ġamāl wa-Fawātiḥ al-Ġalāl des Nağm ad-Dīn al-Kubrā: eine Darstellung mystischer Erfahrungen im Islam aus der Zeit um 1200 n. Chr.* Wiesbaden: Franz Steiner Verlag.
- Meier, Fritz, ed. 1976 – *Abū Sa’id-i Abū l-Ḥayr (357–440/967–1049): Wirklichkeit und Legende*. Leiden: E. J. Brill.
- Muminov, Aşirbek K. 1996 – "Veneration of Holy Sites of the Mid-Sirdar’ya Valley: Continuity and Transformation." In: Kemper, Michael / Anke von Kügelgen / Dmitriy Yermakov (ред.): *Muslim Culture in Russia and Central Asia from the 18<sup>th</sup> to the Early 20<sup>th</sup> Centuries*. Berlin: Klaus Schwarz Verlag (Islamkundliche Untersuchungen, Bd. 200), 6. 355–367.
- Muminov, Aşirbek K. 1998 – "Die Qožas: Arabische Genealogien in Kasachstan." In: von Kügelgen, Anke / Michael Kemper / Allen J. Frank (ред.): *Muslim Culture in Russia and Central Asia from the 18<sup>th</sup> to the Early 20<sup>th</sup> Centuries*, том 2: Inter-Regional and Inter-Ethnic Relations. Berlin: Klaus Schwarz Verlag (Islamkundliche Untersuchungen, Bd. 216), 6. 193–209.
- Naumkin, Vitaly, ed. 1992 – *Samarkand. Volume in the series Caught in Time: Great Photographic Archives*. Reading, U.K.: Garnet Publishing.
- Navā’i, Mīr ‘Alī-shīr 1996 – *Nesāyīmū’l-mahabbe min şemāyim’i’l-fütüvve*, ред. Kemal Eraslan, 2<sup>nd</sup> ed. Ankara: Atatürk Kültür, Dil ve Tarih Yüksek Kurumu.
- Nawshahī, ‘Arif, ed. 2001 – *Aḥvāl va sukhanān-i Khwāja ‘Ubaydullāh Aḥrār*. Tehran: Markaz-i Nashr-i Dānishgāh-i Tihrān, 1380.
- Nemoy, Leon, ed. 1956 – *Arabic Manuscripts in the Yale University Library*. New Haven: Connecticut Academy of Arts and Sciences (Transactions, vol. 40).
- O’Kane, John, ed. 1992 – *The Secrets of God’s Mystical Oneness or The Spiritual Stations of Shaikh Abū Sa’id (Asrār al-Tawḥīd) (fi Maqāmāt al-Şeyḥ Abī Sa’id) [by] Moḥammad Ebn-e Monavvar*. Costa Mesa, California: Mazda Publishers / Bibliotheca Persica (Persian Heritage Series, № 38).
- Papas, Alexandre 2005 – *Soufisme et politique entre Chine, Tibet et Turkestan: Etude sur les khwajas naqshbandīs du Turkestan oriental*. Paris: Librairie d’Amérique et d’Orient, Jean Maisonneuve successeur.
- Paul, Jürgen 1993 – "The Histories of Samarqand." *Studia Iranica* 22: 69–92.

- Paul, Jürgen 1998a – "Maslak al-'arifin. Ein Dokument zur frühen Geschichte der Ḥwāḡagān-Naqshbandiyya." *Erlesenes. Special volume of Hallesche Beiträge zur Orientwissenschaft* 25: 172–185.
- Paul, Jürgen 1998b – "Doctrine and Organization: The Khwājahgān-Naqshbandiyya in the First Generation after Bahā'uddīn." *Anor* [Halle/Berlin], 1.
- Prior, Daniel 2013 – *The Šabdan Baatır Codex: Epic and the Writing of Northern Kirghiz History*. Leiden: Brill.
- Rāzi, Najm al-Dīn 1973 – *Miršād al-'ibād*, ed. Muḥammad-Amīn Riyāḥī. Tehran: Intishārāt-i 'Ilmī va Farhangī, 1352.
- Rāzi, Najm al-Dīn 1982 – *The Path of God's Bondsmen*, tr. Hamid Algar. Delmar, New York: Caravan Books.
- Riyāḥī, Muḥammad Amīn, ed. 1983 – *Rutbat al-ḥayāt az Khwāja Yūsuf Hamadānī*. Tehran: Intishārāt-i Tūs, 1362.
- Roemer, Hans Robert, transl. 1956 – *Šams al-ḥusn: Eine Chronik vom Tode Timurs bis zum Jahre 1409*. Wiesbaden: Franz Steiner Verlag.
- Rogers, J. M., transl. 1974 – "V. V. Bartol'd's Article O pogrebenii Timura ("The Burial of Timūr")." *Iran* 12: 65–87.
- Safī, Fakhr al-Dīn 'Alī b. Ḥusayn 1977 – *Rashaḥāt-i 'ayn al-ḥayāt*, ed. 'Alī Asghar Mu'iniyān. Tehran: Bunyād-i Nikū-kārī-yi Nūryānī, 2536/1356.
- Samarqandī, Kamāl al-Dīn 'Abd al-Razzāq 2004 – *Maṭla 'i sa 'dayn va majma 'i bahrayn*, ed. 'Abd al-Ḥusayn Navā'ī, vol. 1, part 2. Tehran: Pizhūhishgāh-i 'Ulūm-i Insānī va Muṭāla 'āt-i Farhangī, 1383.
- Sela, Ron 2011 – *The Legendary Biographies of Tamerlane: Islam and Heroic Apocrypha in Central Asia*. Cambridge: Cambridge University Press.
- Shafī 'i Kadkanī, Muḥammad-Rizā 1999 – *Zubūr-i pārsī: Niḡāhī be zindaḡī va ghazal-hā-yi 'Aṭṭār*. Tehran: Āgāh, 1378.
- Shalah b. Mubārak Bukhārī 1992 – *Anīs al-tālibīn wa 'uddat al-sālikīn*, ed. Khalīl Ibrāhīm Shārī Oghlī. Tehran: Sāzmān-i Intishārāt-i Kayhān, 1371.
- Shāmī, Niẓām al-Dīn 1984 – *Zafar-nāma*, ed. Felix Tauer, reprinted, with an introduction by Panāhī Simnānī. Tehran: Intishārāt-i Bāmād, 1363.
- Shaw, Robert Barkley 1897 – The History of the Khōjas of Eastern-Turkistān, summarised from the Tazkira-i-Khwājahgān of Muḥammad Šādiq Kāshgharī, ed. N. Elias. Supplement to the *Journal of the Asiatic Society of Bengal*, 66/1.
- Shpall, William 1981–1984 – "A Note on Najm al-Dīn al-Rāzi and the Baḥr al-Ḥaqā'iq." *Folia Orientalia* 22: 69–80.
- Simnānī, 'Alā'uddawla 1988 – *Opera Minora*. Ed. W. M. Thackston, Jr. Cambridge, Massachusetts: Harvard University, Office of the University Publisher (Sources of Oriental Languages and Literatures, ed. : Tekin, Şinasi / Gönül Alpay Tekin, 10, Islamic Sources, II).
- Sīstānī, Amīr Iqbāl 1987 *Chihil majlis yā Risāla-yi Iqbāliyya*, ed. Najīb Māyil Haravī. Tehran: Intishārāt-i Ādīb, 1366.
- Thackston, W. M., transl. 1989 – *A Century of Princes: Sources on Timurid History and Art*. Cambridge, Massachusetts: Harvard University / The Aga Khan Program for Islamic Architecture.
- Tosun, Necdet 2011 – *Türkistan Dervişlerinden Yadigâr: Orta Asya Türkçesiyle Yazılmış Tasavvufî Eserler*. İstanbul: İnsan Yayınları.
- Yazdī, Sharaf al-Dīn 'Alī 1972 – *Zafarnāma*, факсимильное издание: А. Урунбаев. Ташкент: Фан.

- Yazdi, Sharaf al-Din 'Ali 2008 - *Zaḡar-nāma*. Ed. Şâdiq, Sayyid Sa'îd Mîr Muḡammad / 'Abd al-Ḥusayn Navā'î, 2 vols. Tehran: Kitābkhāna, Mûza va Markaz-i Asnād-i Majlis-i Shûrā-yi Islāmi, 1387.
- Абашин, С. Н. 2001 – Бурханиддин-Кылыч // *Ислам на территории бывшей Российской империи: Энциклопедический словарь*, вып. 3. Москва: Восточная литература, бб. 24–25.
- Абашин, С. Н. 2003 – Бурханиддин-Кылыч: ученый, правитель, чудотворец? О генезисе культа святых в Средней Азии // *Подвижники ислама: Культ святых и суфизм в Средней Азии и на Кавказе*. Москва: Восточная литература, бб. 215–236.
- 'Алам, Мухаммад Мунир, ред., 1998 – *Тазкира-йи Бугра-хани (Тазкира-йи маша'их-и Увайсийа)*. Исламабад: Марказ-и Тахикат-и Фарси-йи Иран ва Пакистан, 1376.
- Алишер Навоий 2011 – [Алишер Навоий]. *Насойимул муҳаббат мин шамойимил футувват, илмий-танкидий матн Ҳомидхон Исломи*. Тошкент: Мовароуннахр нашриёти.
- Афшар, Ираж, ред., 1988 – *Қандийа ва Самарийа*. Тегеран: Му'ассаса-йи Фарханги-йи Джахангири, 1367.
- Ахмедов, Б. А., пер., 1977 – Махмуд б. Вали, *Море тайн относительно доблестей благородных (География)*. Ташкент: Фан.
- Баялиева, Т. Дж. 1985 – Отражение ранних форм религии в киргизском фольклоре // *Из истории дореволюционного Киргизстана*. Фрунзе: Илим, бб. 181–197.
- Бартольд, В. В. 1898 – *Туркестан в эпоху монгольского нашествия*, ч. I, Тексты. Санкт-Петербург: Типография Императорской Академии наук.
- Бартольд, В. В. 1908 – Рецензия на: Справочная книжка Самаркандской области: вып. VIII, вып. IX // *Записки Восточного отделения Императорского Русского археологического общества*, 18: бб. 0181–0191; переиздано в: Бартольд, 1963–1977: VIII, бб. 254–264.
- Бартольд, В. В. 1915 – О погребении Тимура // *Записки Восточного отделения Императорского Русского археологического общества*, 23: бб. 1–32; переиздано в: Бартольд, 1963–1977: II/2, с. 423–454; ағылшын тіліне аудармасы: Rogers, 1974.
- Бартольд, В. В. 1926 – Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. Прочитано в Стамбуле в 1926 году, впервые опубликовано на русском языке в: Бартольд, 1963–1977: V, бб. 19–192.
- Бартольд, В. В. 1963–1977 – Бартольд, В. В. *Сочинения*, тт. I–IX. Москва: Наука.
- Бетгер, Э. К. 1924 – Вариант легенды о Кыч-Буркан-эд-Дине Узгендском // *Известия Туркестанского отдела Русского географического общества* 17: 141.
- Вохидов, Ш. Х. / Аминов, Б. Б., ed. 2005 // *История Казахстана в персидских источниках*, I том: Джамал ал-Карши, *ал-Мулкакат би-с-сурах*. Алматы: Daik-Press.
- Вяткин, В. Л., пер. 1906 – Кандия Малая // *Справочная книжка Самаркандской области*, выпуск 8: бб. 236–290.
- Горячева, Валентина Д. / В. Н. Настич 1983 – Эпиграфические памятники Узгена XII–XX вв. // *Киргизия при Караханидах*. Фрунзе: Илим, бб. 140–193.
- Джумагулов, Ч. 1982 – *Эпиграфика Киргизии*, вып. 2. Фрунзе: Илим.
- Дүйсенбаев, Даниярбек 1991 – *Домалақ Ана (Тарихи-деректі естелік)*. Алматы: Мұраттас.
- Караффа-Корбут, К. 1897 – Узгентская легенда // *ПТКЛА* 2: бб. 3–4.
- Киргизские народные сказки 1981 – *Киргизские народные сказки*. Фрунзе: Кыргызстан.
- Костыгова, Г. И. 1973 – *Персидские и таджикские рукописи «Новой серии»*. Ленинград: Государственная публичная библиотека имени М. Е. Салтыкова-Щедрина.
- Костыгова, Г. И. 1988 – *Персидские и таджикские рукописи: алфавитный каталог*, вып. 1. Ленинград: Государственная Публичная библиотека имени М. Е. Салтыкова-Щедрина.
- Кочнев, Б. Д. 1983 – Караханидский чекан Параба (Отрара) // *Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии*. Алма-Ата: Наука, бб. 109–120.

- Құрбанқожаев, С. 1996 – Қожа Ахмет Ясауи туралы аңыз-әңгімелер // Мырзахметұлы, Мекемтас (ed.): *Ясауи тағылымы*. Түркістан: «Мұра» баспагерлік шағын кәсіпорны / Қожа Ахмад Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, бб. 132–141.
- Махдуми Аъзам 1996 – *Махдуми Аъзам. Сийрати ва мероси*. Тошкент: Адолат.
- Миклухо-Маклай, Н. Д. 1961 – *Описание таджикских и персидских рукописей Института народов Азии*, вып. 2, Биографические сочинения. Москва: Издательство восточной литературы.
- Настич, В. Н. 1983 – Новые факты из истории монетного производства и денежного обращения в южном Казахстане (XIII–XVII вв.) // *Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии*. Алматы: Наука, бб. 143–152.
- Настич, В. Н. 1984 – Погребальная эпиграфика арабского письма как источник по средневековой истории Киргизии и южного Казахстана // *Источниковедение и текстология средневекового Ближнего и Среднего Востока*. Москва: Наука (Бартольдские чтения, 1981), бб. 161–177.
- Семёнов, А. А., пер. 1956 – Мухаммад Юсуф Мунши, *Муким-ханская история*. Ташкент: Издательство АН УзССР.
- Тагирджанов, А. Т., ред. 1960 – «Собрание историй». *Маджму' ат-таварих*, факсимильное издание: А. Т. Тагирджанов. Ленинград: Издательство Ленинградского университета.
- Ходжанияз ұлы, Гайратдин / Юсупов Оңғарбай Жумабай ұлы 1994 – *Қарақалмақстандағы муқаддес орынлар*. Нөкис: Полиграфист.
- Чехович, О. Д. 1974 – *Самаркандские документы XV–XVI вв. (О владениях Ходжи Ахрара в Средней Азии и Афганистане)*. Москва: Наука.
- Шарафутдинова, Р. Ш., пер. 1988 – Абу-л-Фадл б. Мухаммад Джамал ад-Дин Карши, *Мулхакат ас-сурах* // *Материалы по истории Средней и Центральной Азии*. Ташкент: Фан, бб. 100–131.



ИСЛАМ ТАРИХЫ, ӨНЕРІ  
МЕН МӘДЕНИЕТІН ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ



«ӘЗІРЕТ СУЛТАН» ҰАТТЫҚ  
ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ

# Қазақстан мен Орталық Азиядағы ислам және Йасауийаның мәдени тарихы

Девин ДиУис

Истамбұл-Түркістан 2025

ӘОЖ 297(574+575)

КБЖ 86.3(5Қаз)я73

Д-36

Алғы сөзін жазғандар: **Нұрлан Дүкенбаев, Махмуд Ерол Кылыч**

Баспаға дайындағандар: **Ұрқия Утепбергенова, Әшірбек Муминов, Нұрлан Дүкенбаев, Селахаддин Уйгур**

Девин ДиУис. Қазақстан мен Орталық Азиядағы ислам және Йасауийаның мәдени тарихы. Ағылшын тілінен қазақ тіліне аудармасы / Аударған: Камила Муминова. Баспаға дайындағандар: Ұрқия Утепбергенова, Әшірбек Муминов, Нұрлан Дүкенбаев және Селахаддин Уйгур. – Ыстамбұл, Түркістан: «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, IRCICA, 2025. – 688 б. – (Ислам өркениетінің тарихы бойынша дереккөздер мен зерттеулер сериясы; № 61)

ISBN: 978-92-9063-453-9

Бұл кітап Қазақстанның ислам мәдениеті мен жазба мұрасын зерттеу саласындағы маңызды жетістіктермен таныстыруды мақсат етеді. Девин ДиУис зерттеулерінің үлкен бөлігі қазақ тіліне аударылып, бір жинаққа біріктіріліп отыр. Америкалық ғалымның еңбектері Қазақстанның академиялық қауымдастығы үшін ерекше құнды. Себебі, оның зерттеулері нәтижелі, пайдаланған әдістері тиімді, қолданған ортағасырлық дереккөздері өте мол әрі сенімді. Осы жетістіктер отандық зерттеушілерге тың идея, жаңа бағытқа жол ашатыны анық.

ӘОЖ 297(574+575)

КБЖ 86.3(5Қаз)я73

ISBN: 978-92-9063-453-9

Sources and Studies on the History of Islamic Civilisation Series; no. 61

Cataloguing in Publication Data

Devine DeWeese. Cultural History of Islam and the Yasawiya in Kazakhstan and Central Asia. Translation from English into Kazakh / Foreword by Nurlan Dukenbayev and Preface by Mahmud Erol Kılıç. Transl. Kamila Muminova. Editors: Urqiya Utepbergenova, Ashirbek Muminov, Nurlan Dukenbayev and Selahaddin Uygun. Istanbul, Turkistan: National Historical and Cultural Museum-Reserve Azret Sultan, IRCICA, 2025. 688 pages.

© Copyright | IRCICA & National Historical and Cultural Museum-Reserve Azret Sultan  
Istanbul, Turkistan 2025

Аударған: **Камила Муминова**

Баспаға дайындағандар: **Ұрқия Утепбергенова, Әшірбек Муминов,  
Нұрлан Дүкенбаев, Селахаддин Уйгур**

Басып шығарған және түптеу жасаған: [www.secilofset.com.tr](http://www.secilofset.com.tr)

## МАЗМҰНЫ

ӘУЕЛГІ СӨЗ (Н.М. Дүкенбаев) .....	7
АЛҒЫ СӨЗ (Проф. Махмұд Ерол Кылыч) .....	9
КІРІСПЕ (Проф. Девин ДиУис).....	11
Аңдатпа.....	13
Summary .....	15
Аннотация .....	17
Қысқартулар.....	19
1. Орталық Азиядағы Кубрауиға тариқатының әлсіреуі.....	21
2. Орталық Азия тарихы туралы ескерусіз қалған бір дерек: XVII ғасырлық Йасауиға агиографиясы – «Манақиб ал-ахйар».....	55
3. Баба Камал Джанди және Орталық Азия түркілері арасындағы Кубрауиға дәстүрі .....	65
4. Түркі машайықтары және Ходжаган: Йасауиға және Нақшбандиға сопылық дәстүрлері арасындағы байланыстарды қайта қарастыру .....	95
5. Тимурилер дәуіріндегі Йасауиға шайхтары: XIV және XV ғасырлардағы сопылық қауымдардың әлеуметтік және саяси ролі туралы ескертпелер.....	117
6. Орталық Азиядағы XIX ғасырдың қасиетті шежірелер саясаты: Киелі орын құжаттары мен генеалогиялық шежірелердегі Ходжа Ахмад Йасауимен байланысты ұрпақ топтары.....	131
7. Йасауиға тариқаты және XVII ғасырдың Орталық Азиядағы парсы агиографиясы: ‘Алим Шайх ‘Алийабади және оның «Ламахат мин нафахат ал- қудс» еңбегі.....	155
8. Орталық азиялық бір қаланың қасиетті тарихы: XVIII-XIX ғасырлық Сайрам тарихы кітаптарындағы әулиелер, киелі орындар және шығу тегі туралы аңыздар .....	177
9. Қасиетті орындар және «қоғамдық» хикаялар: XVI-XVII ғасырларда Йасауиға сопылық тариқатының агиографиялық шығармаларындағы Ахмад Йасауи кесенесінің баяндалуы .....	217
10. XVI және XVII ғасырлардың басында Хорезмдегі Саййид Ата’и тобының ықпалы.....	235
11. Еділ-Орал аймағындағы исламдану мәселелері: Берке хан туралы дәстүрлер .....	263
12. Шайх Ахмад б. Худайдад Таразидің «Фунун ал-балаға» атты еңбегіндегі Науа’иға жол ашарлары: XV ғасырдағы Орталық Азия әдеби мәдениетінің ұмытылған бір дереккөзі.....	271
13. Мехмед Фуад Көпрүлүннің «Түрік әдебиетіндегі алғашқы мистиктер» кітабына алғы сөз .....	359
14. «Жария зикрі мен сама’ны негіздеу бойынша пәтуалар жинағына» алғы сөз.....	377
15. «Орталық Азиядағы исламдану мен киелі шежірелер» кітабының екінші томына алғы сөз.....	383